ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

ТУРҒЫНОВ МУХАМЕДЖАН АХМЕДҰЛЫ

ХАЛЫҚҚА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІГІН ЖЕТІЛДІРУ

«7М041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7М04106 – Экономика» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші:_____ Е.К. Нұртазин

Жоба қорғауға жіберілді: 2025 ж. «_____» _____

Басқару институтының директоры _____ З.С. Гаипов, с.ғ.д.

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 4
КІРІСПЕ……..... 5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ..... 7
1-тарау Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің теориялық негіздері және халықаралық тәжірибе……..... 7
1.1 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түсінігі, жіктелуі және көрсетілу механизмдері..... 7
1.2 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тиімділігін арттырудағы халықаралық тәжірибе..... 13
2-тарау Қазақстандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерін талдау..... 22
2.1 Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен халықтың қанағаттану деңгейін талдау..... 22
2.2 Мемлекеттік қызметтердің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі және ХҚКО-лардың рөлін талдау……..... 31
3-тарау Мемлекеттік қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін жетілдіру шарасы..... 43
3.1 Қазақстанда ХҚКО франчайзингін енгізу механизмін әзірлеу..... 43
ҚОРЫТЫНДЫ……..... 56
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ…….…..... 61

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланылды:

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі».

«Мемлекеттік органдарда бизнес-процестерінің реинжинирингін жүргізу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 512/НҚ бұйрығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы

Мемкорпорация – «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам

ИАЖ – интеграцияланған ақпараттық жүйе

ЭЦҚ – Электронды цифрлық қолтаңбасы

ҚР ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Портал, egov – «Электрондық үкімет» порталы

egov-mobile – «Электрондық үкімет» порталының мобильдік қосымшасы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мен оларды халыққа тиімді жеткізу мәселесі аса өзекті болып табылады. Мемлекеттік қызметтер – азаматтардың күнделікті өмір сүру сапасын, экономикалық даму мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі. Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік басқарудың жаңа моделі «халық үніне құлақ асатын», тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет қағидаттарына негізделеді. Мемлекеттік саясат немесе реформа «Ең алдымен адамдар» басты қағидатына бағынуға тиіс. Мемлекет пен қоғам қатынасының «төрешіл» моделінен басқарудың проактивті, сервистік және азаматтардың сұраныстарына ден қойғыш нысанына көшу мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсат болуға тиіс.

Ал қазіргі күн сайынғы даму сатысындағы қоғамда халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету саласы траснформацияны қажет етеді және үнемі даму бағытында болуы тиіс. Осыған байланысты мемлекеттік қызметтер көрсету саласын одар әрі дамыту, оның ішінде бизнес-процестерді оңтайландыру, заманауи мүмкіндіктерді қолдана отырып жетілдіру өзекті болып отыр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қызметтер саласында заманауи басқару тәсілдерін, соның ішінде франчайзинг модельдерін қолдану халықтың қызметтерге деген қолжетімділігін арттырып, мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін жетілдіру үшін франчайзинг моделін енгізудің тиімділігін негіздеу болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

– Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің теориялық негіздерін анықтау және халықаралық тәжірибені зерделеу;

– Мемлекеттік қызметтердің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін және ХҚКО-лардың рөлін анықтау;

– Қазақстандағы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің қазіргі жай-күйі, қызметтердің сапасын және халықтың қанағаттану деңгейін талдау;

– Мемлекеттік қызмет көрсету саласында франчайзинг моделін енгізу механизмдерін әзірлеу және оның алгоритмін жасау.

Зерттеудің гипотезасы. Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді франчайзинг моделі арқылы басқаруды енгізу мемлекеттік қызметтер сапасын арттырып, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу объектісі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі.

Зерттеу пәні. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі – ХҚКО франчайзингі.

Осы жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, диссертациялармен байланысы. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

тақырыбында Д.Р. Есіркептің «Мемлекеттік қызметтерді көрсетуде клиентке бағдарлану тетіктерін жетілдіру» (2023ж.) [1] тақырыбында магистрлік жобасы жазылған және зерттеуде электрондық үкімет платформасы мен азаматтарға қолайлы сервис ұсыну мәселелері қамтылып, клиентке бағдарланған тәсілдерді енгізудің маңыздылығы сипатталған. Ал А. Боранбайқызы «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту» (2024 ж.) [2] атты жұмысында арнаулы әлеуметтік қызметтердің отандық және шетелдік үлгілерін салыстырып, олардың тиімділігін арттыру жолдарын қарастырған. Дегенмен, қазіргі уақытқа дейін елімізде халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін жетілдіру тақырыбына арнайы ғылыми жұмыс жүргізілмегені анықталды. Осы ретте ұсынылып отырған зерттеудің өзектілігі мен ғылыми жаңалығы – тек мәселені көтеріп қана қоймай, оны шешудің жаңа жолы ретінде франчайзинг механизмін енгізуді ұсынуында. Бұл тәсіл халыққа қызмет көрсету сапасын арттырумен қатар, мемлекеттік шығындарды оңтайландырып, жеке секторды тиімді тарту арқылы сервистік модельді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері және ақпараттық базасы. Жұмыста теориялық талдау, жүйелік талдау, сандық әдістері қолданылды. Сондай-ақ, зерттеу барысында мемлекеттік органдардың ресми статистикалық деректері, қоғамдық мониторинг нәтижелері және халықаралық ұйымдар мен зерттеушілердің материалдары пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– Қазақстанда алғаш рет мемлекеттік қызметтерді франчайзинг арқылы ұсынудың алгоритмі ұсынылды;

– Халықаралық тәжірибені ескере отырып, мемлекеттік қызметтер саласында инновациялық басқару модельдері кешенді түрде талданды және Қазақстан жағдайына бейімделді.

Қорғауға шығарылатын негізгі ғылыми ережелер.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін ХҚКО франчайзингін енгізу арқылы жетілдіру ұсынылатын болады.

Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік органдардың қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша стратегиялық жоспарлау процесінде қолданылуы мүмкін. Ұсынылған франчайзинг моделі мен кезеңдік алгоритм мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәжірибесінде қолданылып, азаматтардың мемлекеттік қызметтерге деген қолжетімділігі мен қанағаттануын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу. «Совершенствования организационно-экономического механизма предоставления государственных услуг для населения в Казахстане». «Интернаука» баспасы, «Студенческий вестник» ғылыми журналы, № 14(300), 28.04.24, 32-36 ББ.

Магистрлік жобаның (зерттеудің) құрылымы: Магистрлік жоба 3 тараудан тұрады, 17 сурет және 6 кесте пайдаланылды, жалпы жұмыс көлемі 63 бетті құрайды.

1 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің теориялық негіздері және халықаралық тәжірибе

1.1 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түсінігі, жіктелуі және көрсетілу механизмдері

Экономикалық теорияда «қызмет» категориясына қатысты әртүрлі тұжырымдамалық анықтамалар қалыптасқан.

Классикалық экономикалық теория қызметтерді өндіруші мен тұтынушының тікелей өзара әрекеттесуінің нәтижесі және тұтынушылық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған өндірушінің ішкі қызметінің бір формасы ретінде қарастырды. Бұл тұрғыда қызметтер материалдық игіліктерді өндіру және жеткізу процесімен тығыз байланысты феномен ретінде сипатталды.

К.Маркс қызметтерді өндірістік және өндірістік емес еңбек арасындағы қатынастар жүйесі аясында талдады. Оның пайымдауынша, қызметтер тауарлық форманы иеленген тұтыну құны ретінде немесе заттық мәнге ие болмайтын «таза» қызметтер түрінде қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, Маркс тұтынушы қызметтерді оларды тұтыну мақсатында иеленетінін, ал өндіруші үшін бұл тауарлық сипатқа ие екенін, яғни оның айырбас және тұтыну құны барын атап көрсеткен [3].

Заманауи экономикалық теорияда (мысалы, Филип Котлер) қызмет – бұл бір тараптың екінші тарапқа ұсынатын кез келген іс-әрекеті немесе игілігі ретінде анықталады. Бұл контексте қызметтің басты ерекшелігі материалдық емес сипатқа ие болуы және меншік құқығын иеленуге әкелмеуі болып табылады [4].

Қызметтердің ерекшеліктері мен жіктелуі.

Маркетингтік теорияда қызметтерді тауарлардан ажырататын төрт іргелі сипаттама анықталған:

Имматериалдылық (материалдық емес сипат) – қызметті физикалық тұрғыдан сезінуге, көруге немесе жинақтауға болмайды, ол тек тұтыну процесінде ғана тәжірибеленеді;

Синхрондылық (өндіру мен тұтынудың ажырамастығы) – қызметтерді өндіру және тұтыну бір мезгілде жүреді, яғни оларды қоймада сақтауға немесе кейінге қалдыруға болмайды;

Гетерогенділік (сапа тұрақсыздығы) – қызмет сапасы тұрақты емес, ол қызмет көрсетушінің шеберлігіне, тұтыну жағдайына және тұтынушының субъективті күтуіне байланысты өзгеріп отырады;

Персистенттіліктің болмауы (сақталмайтындығы) – қызметтерді өндіріп, кейін тұтыну мүмкін емес, олар сұраныс бойынша жүзеге асырылады [5].

Қызметтер әртүрлі өлшемдер бойынша классификацияланады: уақыттық, объектілік, субъектілік, ауқымдық, функционалдық және меншік нысанына байланысты.

Меншік нысаны бойынша саралауда ерекше мәнге мемлекеттік қызметтер ие. Олар заңнамалық реттеуге негізделген және мемлекеттік органдар тарапынан

азаматтарға, бизнестің субъектілеріне және өзге де басқару құрылымдарына ұсынылатын нормативтік қызметтерді қамтиды.

Мемлекеттік қызметтер біртұтас және кешенді (композиттік) қызметтер болып жіктеледі:

Біртұтас мемлекеттік қызметтер – азаматтар, бизнес құрылымдары немесе өзге де субъектілер сұрататын және бір ғана мемлекеттік органның құзыретінде ұсынылатын қызметтер (мысалы, жеке бас куәлігін беру немесе туу туралы куәлік рәсімдеу).

Кешенді мемлекеттік қызметтер – бірнеше өзара байланысты элементарлық қызметтерден тұратын күрделі құрылымды қызметтер. Мысалы, жылжымайтын мүлікті тіркеу процесі бірнеше мемлекеттік органның қатысуын талап етеді [6].

Мемлекеттік қызмет көрсету – бұл атқарушы билік органдары өздерінің өкілеттіктерін, заңнамамен белгіленген міндеттерін немесе құқықтық мүдделерін жүзеге асыру мақсатында іске асыратын процесс. Ол белгілі бір ұйым немесе азаматтың өтініші негізінде құжаттық рәсімдер арқылы заңдық қатынастардың өзгеруіне немесе жойылуына ықпал ететін іс-әрекеттерді қамтиды. Сонымен қатар, бұл қызмет нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес нақты шешімдер қабылдауды немесе белгілі бір шараларды орындауды көздейді [7].

Е. Морозова бұл қызметтің негізгі ерекшеліктері ретінде атқарушы құрылымдардың құзыретіне жататындығын атап өтеді. Мұндай іс-шаралар республикалық және жергілікті деңгейдегі бюджеттен қаржыландырылып, заңды не жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталады.

Осыған байланысты мемлекеттік басқару органдарының міндеттері аясында жүзеге асырылатын және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған қызметтер қаражат есебінен орындалатын рәсім ретінде сипатталады.

Кейбір зерттеушілердің көзқарасы бойынша, халыққа қызмет көрсету үдерісіне тек мемлекеттік құрылымдар ғана емес, сонымен қатар басқа да басқару органдары мен коммерциялық емес ұйымдар қатыса алады. Бұл қызметтің басты мәні – қоғамдық мүдделерді қамтамасыз ету [8].

А. Нестеровтың пайымдауынша, мұндай қызметтің айрықша белгісі – билік тарапынан бекітілуі, жүзеге асырылу мерзімінің белгіленуі және мемлекеттік деңгейде қадағалануы. Ал Л. Терещенконың ойынша, егер бұл бағыттағы жұмыстарды орындауға ерікті субъектілер қатыспаса, онда оны жүзеге асыру міндеті билік құрылымдарына жүктеледі.

А. Шаститко көпшілікке қызмет көрсету мәселесін мемлекеттік басқарудың сапасын жақсарту тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Осыған сәйкес, ол аталған қызметті азаматтар мен ұйымдарға бағытталған жеке игіліктер ретінде сипаттап, басқару органдарының нақты регламентке сүйене отырып іске асыратын іс-шарасы ретінде қарастырады [9].

Ол өз анықтамасын екі негізгі әдіс арқылы саралайды: біріншісі – бұл қызмет билік құрылымдары мен олардың мекемелері арқылы тұрғындармен тікелей байланыс негізінде көрсетілетін қызмет түріне жатады. Ал екіншісі –

белгілі бір ерекшеліктері бар жеке игіліктермен үйлесетін, бірақ меншік құқығын қорғауға бағытталған іс-шаралар кешені ретінде бағаланады.

Экономикалық көзқарас тұрғысынан, мемлекет қоғамдық маңызы бар қызметтерді ұсынатын негізгі субъект болып табылады. Ал құқықтық жағынан алғанда, бұл игіліктер қызмет көрсету санатына жатпайды, өйткені олар шарттық міндеттемелерге негізделмейді және орындалмаған жағдайда құқықтық жауапкершілікті туындатпайды. Осыған байланысты, қоғамдық және жеке игіліктерді өндіру механизмін нақты бөлу қажеттілігі туындайды. Ғалымның пікірінше, мемлекеттік құрылымдардың функционалдық жүктемесін реттеу, артықшылықтарды жүйелеу және қажетті қызметтерді нақтылау – халыққа қызмет көрсетуді жетілдірудің басты тетігі болып табылады [10].

Көпшілікке көрсетілетін қызметтердің ақысыз немесе ақылы болуы – өзекті мәселелердің бірі. А. Шаститконың пікірінше, мұндай қызметтерді мемлекеттік билік органдарының құзырында қалдыру немесе оларды жеке ұйымдарға беру қажеттілігі қарастырылуы тиіс. Бұл таңдау бақылау тетіктері мен басқару тәсілдеріне байланысты жүргізіледі.

Зерттеуші билік құрылымдары тікелей ұсынатын біржақты басқару моделінің тиімділігін, сондай-ақ тараптардың өзара келісіміне негізделген және стандартты емес шарттарды қамтитын көпжақты басқару механизмінің артықшылықтарын салыстыруды ұсынады. Сонымен қатар, ол білім беру, медицина және ғылым сияқты салаларда мемлекеттік сектордың қатысуы әлеуметтік маңызы бар игіліктерді қамтамасыз ету үшін сақталуы қажет деп есептейді [9, 25 б.].

Ю. Тихомировтың көзқарасы бойынша, көпшілікке қызмет көрсету – белгілі бір қажеттіліктерді өтеуге және үшінші тараптардың заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған уәкілетті субъектілердің әрекеті. Мемлекеттік қызметшілер үшін бұл – жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында өз құзыреті шеңберінде орындалатын міндеттер кешені. Ол бұл қызметтерді бірнеше санатқа бөлуді ұсынады: мемлекеттік, жергілікті, әлеуметтік және жеке қызметтер.

Сонымен қатар, ол қызмет алушыларды бірнеше топқа бөледі. Кейбір қызметтер барлық азаматтарға бағытталған, мысалы, экологиялық деректерді алу кезінде. Басқа қызметтер белгілі бір әлеуметтік топтарға, мысалы, зейнеткерлерге арналуы мүмкін. Кейбір жағдайларда олар нақты жеке тұлғалар мен ұйымдарға немесе мемлекеттік және жергілікті басқару органдарына бағытталады [10, 84 б.].

Зерттеуші қазіргі кезде қызмет түрлерінің нақты жіктелмегенін атап көрсетеді. Дегенмен, кейбір ұйымдар формалды түрде көрсетілмеген қызметтер үшін азаматтардан төлем талап ететінін сынға алады. Ол осы саладағы ресурстық базаны нығайту және қызмет көрсету тәртібін жүйелі түрде жетілдіру қажеттігін алға тартады.

Мемлекеттік қызмет ретінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын тану, белгілеу, өзгерту немесе тоқтату үдерістерін қарастыруға болады. Сондай-ақ, бұл материалдық және қаржылық көмекті алу немесе оны заңмен белгіленген шекте қолдану іс-шараларын қамтуы мүмкін. Мұндай қызметтер мемлекеттік тізілімге

енгізіліп, атқарушы билік органдарының құзырында жүзеге асырылады. Олар құқықтық деректерді тіркеу немесе қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету түрінде де орындалуы мүмкін [10, 113 б.].

Осыған байланысты, А. Нестеров мемлекеттік қызметтердің құқықтық, материалдық және ақпараттық мазмұнға ие болатынын атап өтеді.

Қызмет көрсету саласын осылайша қарастыру бастапқыда маркстік экономикалық теорияда қалыптасып, кейін кеңестік статистикалық зерттеулерде қолданыс тапты. Дегенмен, XIX ғасырдың өзінде-ақ кейбір алдыңғы қатарлы мемлекеттерде қызмет көрсету саласы тікелей материалдық өнім өндірмесе де, өндіріс процесін қолдап, оның дамуына қажетті жағдай жасайтыны туралы түсінік пайда бола бастады [9, 63 б.]. Іс жүзінде бұл көзқарас экономикалық және әлеуметтік дамудың негізгі әрі тұрақты үрдісі ретінде қалыптасты.

Е. Александровичтің тұжырымына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелілігі – оны тұтынушының әл-ауқатының жақсаруы арқылы өлшенеді. Сонымен бірге, бұл қызметтің тиімділігі оған енгізілген мақсатты бағдарламалардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге жету деңгейімен және олардың жалпы әсерімен анықталады [8, 75 б.].

Мемлекеттік қызмет көрсету құрылымының басты ерекшелігі – орталықтандырылған және аймақтық деңгейлерде қаржы ресурстарын қалыптастыру мен пайдалануға байланысты экономикалық қатынастардың күрделенуі. Бұл сала жабдықтаушылар мен тұтынушылар арасындағы өзара әрекеттестікті ғана емес, сонымен қатар қоғамдық байланыстарды да қамтиды [8, 96 б.].

Осылайша, мемлекеттік қызмет көрсету өзіне тән басқару қағидалары мен ережелерін талап ететін көпдеңгейлі жүйені білдіреді. Бұл жүйеде негізгі субъектілер мен құрылымдар өзгермелі сипатқа ие. Қызметтің бір бөлігі қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуге бағытталғандықтан, мемлекеттік сектор өндірістік функцияларды орындай отырып, нарықтық ортаға біртіндеп ықпалдасады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсету секторы елдің даму басымдықтарының бірі болып отыр. Бұл саладағы көрсетілетін қызметтер сапа мен көлем тұрғысынан белгіленген талаптарға сай болуы керек. Сонымен қатар, оның нарықтық жүйемен өзара байланысы мемлекеттік басқарудың негізгі құрамдас бөлігіне айналуда.

Е. Морозованың пайымдауынша, мемлекеттік қызметтердің әртүрлі түрлерін экономиканы реттеудің тікелей немесе жанама әдістеріне жатқызуға болады [8, 101 б.]. Тікелей әдістер мемлекеттік органдардың заңнамалық актілер негізінде белгілі бір субъектілерге міндетті шешімдер қабылдауын және олардың қызметіне тікелей ықпал етуін қамтиды. Мұндай тәсілдерге, мысалы, кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу немесе лицензия беру секілді рәсімдер жатады.

Жанама реттеу әдістері, керісінше, билік құрылымдарының экономика қатысушыларына тікелей араласпай, олардың мүдделерін ынталандыру арқылы әсер етуін қарастырады [9, 98 б.]. Бұған әлеуметтік төлемдер жүйесі мысал бола алады. Бұл механизм тек халықтың әл-ауқатын жақсартуға ғана емес, сонымен бірге, төлем қабілетті сұранысты қолдауға ықпал ете отырып, экономикалық

тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Әсіресе, жаһандық қаржы дағдарысы жағдайында мұндай шаралар экономикалық реттеудің маңызды тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандырып, олардың мемлекетпен өзара әрекетін тиімді әрі қолжетімді ететін маңызды басқару қызметі болып табылады. Осы қызметтерді сапалы әрі уақытылы ұсыну үшін нақты қалыптасқан басқарушылық тәсілдер мен құралдар қажет екені анық. Бұл ретте мемлекеттік қызмет көрсету саласын теориялық және практикалық тұрғыдан тереңірек түсіну үшін олардың іске асырылу механизмдерін талдап, жан-жақты зерделеу маңызды. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет механизмінің зерделенуі мемлекеттің азаматтар мен ұйымдарға бағытталған қызметтерін оңтайлы басқаруды қамтамасыз ету үшін қажет [10, 117 б.].

Мемлекеттік қызметтерді көрсету механизмі дегеніміз – қызметті ұсынуға бағытталған басқарушылық шешімдер мен іс-шаралардың өзара тығыз байланысты жүйесі. Ресейлік ғалым В.Г. Игнатовтың пікірінше, «мемлекеттік көрсетілетін қызмет механизмі – мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға қажетті қызметтерді сапалы әрі тиімді жеткізуін қамтамасыз ететін басқарушылық шешімдердің, әдістердің және құралдардың жиынтығы» [8, 96 б.]. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету механизмдері мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, бақылау секілді басқару процестерін бірізділікпен іске асырады.

Қызмет көрсету механизмдерінің негізгі элементтерін талдай келе, оларды бір-бірімен тығыз байланысқан бірнеше құрамдас бөлікке бөлуге болады. Атап айтқанда, ғалымдар мемлекеттік қызмет көрсету механизмдерінің бес негізгі түрін ажыратып көрсетеді:

Ұйымдастырушылық механизмдер – мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін басқару құрылымдары, қызметкерлердің өзара әрекеттесу тәртібі мен жауапкершілігі. Олардың тиімділігін арттыру мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Құқықтық механизмдер – бұл мемлекеттік қызмет көрсету процесін реттейтін заңнамалық және нормативтік құжаттардың жиынтығы. Ғалымдар мемлекеттік қызметтерді стандарттау, регламенттеу қызмет сапасын көтерудің маңызды шарты деп есептейді. Бұл бағытты зерттеген В.И. Фадеев мемлекеттік қызмет сапасын арттырудың басты механизмдерінің бірі ретінде мемлекеттік стандарттар мен әкімшілік регламенттердің рөлін ерекше атап өтеді.

Ақпараттық механизмдер – мемлекеттік қызмет көрсету барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруды көздейді. Бұл механизмнің заманауи түрі ретінде электрондық үкімет (e-gov) жүйесі маңызды рөл атқарады. Қазақстандық ғалымдар Ж.О. Ихданов және Г.Ж. Махметова электрондық форматтағы мемлекеттік қызмет көрсету азаматтар мен ұйымдардың мемлекетпен қарым-қатынасындағы бюрократиялық кедергілерді азайтып, сапалы қызмет ұсынуды қамтамасыз етеді деген пікірді ұстанады.

Әлеуметтік-психологиялық механизмдер – мемлекеттік қызметті ұсынушы мен тұтынушы арасындағы тиімді қарым-қатынас, қызметкерлердің тұтынушыға бағдарланған іс-әрекеті мен кәсіби мотивациясы. Бұл механизмді зерттеген ғалымдар мемлекеттік қызметтерді тұтынушының қажеттіліктеріне қарай бейімдеу, сондай-ақ кері байланыс арқылы қызмет сапасын үнемі бақылап отыруды ұсынады.

Экономикалық механизмдер – қызмет көрсетуге жұмсалған шығындарды оңтайландыру, мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану және экономикалық тұрғыдан негізделген қызметтердің тарифтік саясатын қамтиды. Мемлекеттік қызметтердің экономикалық механизмін зерттеушілердің пікірінше, мемлекеттік қызметті ұсынудың экономикалық тиімділігін бағалау арқылы қызмет сапасын арттыруға қол жеткізуге болады [11].

Шетелдік ғылыми ортада мемлекеттік қызмет көрсету механизмдерін теориялық тұрғыдан зерттеуде «Жаңа мемлекеттік басқару» (New Public Management) теориясы ерекше орын алады. Бұл теорияны дамытушы ғалымдар К. Худ, Д. Осборн және Т. Гэблер мемлекеттік сектордың тиімділігін арттыру мақсатында қызмет көрсетудің нарықтық механизмдерін енгізуді қолдайды. Олар мемлекеттік қызметтерді орталықсыздандыру, қызметтерді бәсекелестік ортаға шығару, тұтынушыға бағдарланған басқару тәсілдерін қолдану арқылы сапа мен тиімділікті арттыруға болады деп есептейді.

Осы теориялық бағыттарды салыстырмалы түрде талдай келе, мемлекеттік қызмет көрсету механизмдері – қызметтердің сапасын арттыруға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін көтеруге бағытталған кешенді басқарушылық тәсілдер мен құралдар жүйесі екендігін көреміз. Қазақстан жағдайында мемлекеттік қызметтердің сапасын жетілдіруде осы аталған механизмдердің үйлесімді түрде қолданылуы қызметті пайдаланушы тұлғалардың қанағаттанушылық деңгейін арттырып, мемлекеттік органдардың беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан мемлекеттік қызметтердің механизмдерін теориялық тұрғыда негіздеу арқылы практикалық тұрғыда мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің маңызды ғылыми-әдіснамалық негіздері қаланады.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметтер тек экономикалық процестерді реттеуге ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, құқықтық, басқарушылық және саяси міндеттерді шешуге бағытталған кешенді басқарушылық жүйе болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету механизмдерінің теориялық тұрғыда жан-жақты талдануы осы қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл механизмдер экономикалық дамуға ықпал етіп қана қоймай, жалпы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға, азаматтардың мемлекетпен өзара әрекетін жақсартуға, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге жағдай жасайды. Сондықтан мемлекеттік қызмет көрсету механизмдерін жетілдіру мәселесі теориялық және тәжірибелік тұрғыдан тұрақты зерттеуді қажет ететін маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

1.2 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тиімділігін арттырудағы халықаралық тәжірибе

Адам баласы күн сайын түрлі салаларда – сауда-саттық, қоғамдық тамақтану, көлік қатынасы, телекоммуникация, медицина, мәдени шаралар, құқықтық қауіпсіздік, банк жүйесі секілді сан алуан қызмет түрлерін тұтынады. Қызмет көрсету мен өнімге деген сұраныстың орындалуы адамзаттың толыққанды тіршілік етуіне және алға ілгерілеуіне негіз болады. Бұл сұраныстар әрбір тұлғаның тұрмыс сапасы мен деңгейін айқындайды.

Бүгінгі нарықтық қатынастар жағдайында халыққа қажет қызметтердің басым бөлігін жекеменшік сектор атқарады. Ал экономикасы алға озған мемлекеттерде жүргізілген әкімшілік өзгерістер барысында ең алдымен мемлекеттік және жергілікті қызметтерге көңіл бөлінеді. Бірқатар дамыған мемлекеттерде мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі қызметтерді ұсыну саласын түрлендіру ісі оң нәтижесін берген. Экономикалық дамуы жоғары елдердегі қызмет реформаларының тәлімі ерекше назар аударуға тұрарлық.

Ұлыбритания тәжірибесі.

Мемлекеттік қызметті жаңғыртудың алдыңғы қатарлы үлгісін алғаш енгізгендердің бірі – Ұлыбритания. Айта кету керек, Батыс елдерінде «мемлекеттік қызметтер» ұғымы көбінесе «қоғамдық қызметтер» (public service) деп аталып, оған жергілікті басқару органдарының функциялары да кіреді. 1980 жылдардың соңынан бастап экономиканы нарықтық қатынастарға бейімдеу және жекешелендіру үдерістері тереңдеген шақта, мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен сапасын арттыру үкіметтік құрылымдар мен мемлекеттік аппараттың негізгі бағыттарының біріне айналды.

Ұлыбританияда бұл саладағы реформалар 1991 жылы қабылданған Азаматтар жарғысынан (Citizens' Charter) бастау алды. Бұл бастама шеңберінде басты назар – қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптарды нақтылап, азаматтардың пікірлері мен ұсыныстары негізінде оларды үздіксіз жетілдіру болды. 1996 жылға қарай Ұлыбританияда орталық деңгейде 32 және жергілікті деңгейде шамамен 10 мыңнан астам арнайы жарғылар жасалып, көпшілікке ұсынылды. Ал 1997 жылы бұл бастама жаңа атауға ие болды – «Қызмет – басты орында» («Services First») [12]. Осы бағдарлама аясында орталық үкімет мекемелерінің жұмыс істеу тәртібі мен сапалық нормалары нақтыланды.

Жаңа ережелер мынадай негізгі бағыттарды қамтыды: хаттарға уақытылы әрі толыққанды жауап беру, қызмет көрсету уақытын нақты сақтау, байланыс құралдары және қызмет мазмұны туралы шынайы мәлімет ұсыну, азаматтармен тұрақты түрде кері байланыс орнату, мемлекеттік қызметкерлердің әрекеттеріне шағым жолдау тәртібін енгізу, барша азаматтар үшін тең және әділетті қолжетімділік қамтамасыз ету.

1999 жылы Ұлыбритания билігі «Үкіметті жаңғырту» атты стратегиялық құжатты (ақ кітап – white paper) ұсынды [13]. Бұл бағдарлама аясында алға қойылған басты мақсаттар: мемлекеттік қызметтердің тиімділігін жетілдіру, көрсетілетін қызметтердің сапасын жоғарылату, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану және мемлекеттік аппараттың ынталандыру жүйесін

қайта қарау болды. Бұл реформалардың негізінде жатқан басты ой – мемлекеттік секторды халыққа барынша ашық ету, ұсынылатын қызметтердің сапасын және оған қолжетімділік деңгейін арттыру, сондай-ақ олар жайлы ақпараттың көлемі мен анықтығын көбейту болды.

2000 жылға қарай елдегі түрлі министрліктер мен құрылымдар халыққа қызмет көрсету саласындағы басты бағыттарды қамтитын 40-тан астам стратегиялық құжат қабылдады [13].

Қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптар мемлекеттік құрылымдардың төмендегі қызметтерін дамытуда да шешуші рөл атқарды:

1. Қызметті жоспарлау үдерістерін жетілдіру;
2. Жоғары мемлекеттік органдар тарапынан бақылау жүргізу;
3. Қызмет алушылардың кері байланысын қамтамасыз ету;
4. Ішкі ресурстарды ұтымды пайдалану жолдарын анықтау;
5. Қызметтің сапасын жоғарылатудың тиімді тетіктерін табу;
6. Қызметкерлерді ынталандыру жүйесін жаңғырту;
7. Жалпы ұйымның нәтижелілігін арттыру;
8. Бюджеттік қаражатты тиімді әрі мақсатты игеру [12].

Осы бағыттарды іске асыру нәтижесінде халықтың қанағаттану деңгейі артып, бұл көрсеткіш елдегі тұрмыс сапасының жақсаруының бірден-бір көрсеткіші ретінде қарастырылды. Қызмет сапасына қатысты азаматтардың көңіл-күйі мен пікірін бақылау – мемлекеттік органдардың есептілігі мен ашықтығын арттырудың жалпы үрдісіне айналды.

Мемлекеттік қызметтерді қайта құрудағы маңызды бағыттардың бірі – «электронды үкіметті» қалыптастыру болды [13]. Ұлыбритания бұл үрдіске кезең-кезеңімен, алдымен қажетті инфрақұрылымдық негізін құрып барып кірісті. Алғашқы цифрлық қызметтер ukonline.gov.uk платформасы арқылы іске қосылды. Бұл портал барлық мемлекеттік сайттарды біріктіретін орталық желі ретінде жұмыс істеді, яғни азаматтар үшін онлайн қызметтерге ыңғайлы әрі жылдам қол жеткізу құралына айналды. Пайдаланушы интерфейсі мемлекеттік басқару құрылымына емес, азаматтардың қажеттілігіне бағытталды.

Порталдың басты міндеті – азаматтарға мемлекеттің түрлі салаларындағы қызметтерді ыңғайлы, қауіпсіз және жедел түрде ұсыну болатын. Ақпараттық жүйе әртүрлі дереккөздерден алынған қызметтер мен мәліметтерді біріктіріп, өзегін «Сіздің өміріңіз» (Your life) атты бөлім құрады. Ол екі бағытта ұсынылды: «Өмір кезеңдері» (Life stages) және «Өмірлік жағдайлар» (Life events) [13].

Алдымен, кеңінен сұранысқа ие тақырыптар таңдалды: сәбидің дүниеге келуі; құқықбұзушылық оқиғалары; тұрғын үйге көшу, туыстарынан айырылу, жүргізуші куәлігін алу, іссапарлар және басқа да күнделікті жағдайлар. Кейін бұл тізім кеңейіп, білім беру, жұмысқа орналасу, зейнетке шығу, отбасы мүшелеріне күтім жасау, кәсіп ашу сияқты өзекті тақырыптар қосылды. Мемлекеттік қызметтерді азаматтардың өмірлік жағдайлары негізінде топтастыру олардың билікпен өзара әрекеттесуін жеңілдетті.

2004 жылдан бастап онлайн қызметтерге қолжетімділікті direct.gov.uk платформасы қамтамасыз ете бастады. Бұл ресурс мемлекет тарапынан көрсетілетін негізгі қызметтер мен түрлі халық топтарына бағытталған

шешімдерді біріктіріп ұсынды – мысалы, денсаулық сақтау, білім беру, еңбек, ата-аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар және жастар үшін [13].

Мемлекеттік қызмет жүйесін қайта құру ісін дамушы мемлекеттер ішінде алғашқылардың бірі болып қолға алған елдердің қатарында Франция мен Сингапур бар.

Франция үлгісі.

Франция Республикасы Еуропалық кеңістікте мемлекеттік басқару жүйесін цифрландыру үдерісін ерте кезеңде бастаған елдердің бірі ретінде танылады. Францияның мемлекеттік қызметтерді цифрландыру тәжірибесі орнықты құқықтық базаға, технологиялық өзектілікке, азаматқа бағдарланған сервистік тәсілдерге және цифрлық инклюзивтілік қағидаттарына негізделген институционалдық модель ретінде ерекшеленеді. Бұл тәсіл цифрлық мемлекеттің дамуы тек техникалық құралдармен ғана емес, сонымен қатар құқықтық, әлеуметтік және басқарушылық өлшемдермен ұштасуы тиіс екенін нақты дәлелдейді. Аталған трансформацияның нормативтік-құқықтық іргетасы бірнеше маңызды заңнамалық актілер арқылы қаланды. 1978 жылы қабылданған «Азаматтар мен әкімшілік арасындағы қатынастар туралы» заң мемлекеттік органдардың ресми құжаттарына қол жеткізу құқығын бекітіп, әкімшілік ашықтықтың институционалдық негізін қалады [14]. Осы жылы күшіне енген «Ақпараттық технологиялар және бостандықтар туралы» заң Францияда дербес деректерді құқықтық қорғаудың алғашқы толыққанды механизмін қалыптастырып, деректерді қорғау жөніндегі ұлттық орган – CNIL (Commission Nationale de l'Informatique et des Libertés) құрылуына негіз болды. Бұған қоса, 2000 жылы қабылданған электрондық қолтаңба туралы заң цифрлық құжаттардың құқықтық мәртебесін нақтылап, электрондық форматтағы келісімдер мен өтініштердің заңды құжат ретінде танылуын қамтамасыз етті. Ал 2005 жылғы «Электрондық әкімшілік туралы» жарлық мемлекеттік басқару жүйесінде цифрлық технологияларды жүйелі ендіруге құқықтық алғышарт жасап, әкімшілік рәсімдердің онлайн түрде жүзеге асуын заңнамалық деңгейде міндеттеді [14, 24 б.].

2004 жылы іске қосылған ADELE (Administration Électronique) ұлттық бағдарламасы цифрлық трансформациясы негізінде Франция цифрлық қызметтерді дамытудың жаңа кезеңіне өтті. Бұл жаңашылдық әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялауға бағытталды. Аталмыш бастама 2005 жылы қабылданған «Электрондық әкімшілік туралы» жарлықпен заңнамалық тұрғыда бекітіліп, мемлекеттік органдарға интернет арқылы қызмет көрсету міндеті жүктелді. Бұл өз кезегінде 2016 жылы іске қосылған FranceConnect бірыңғай сәйкестендіру жүйесі мемлекеттік онлайн-сервистерге орталықтандырылған қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етті. Аталған жүйе азаматтарға бір реттік тіркеу арқылы (Single Sign-On қағидаты) түрлі мемлекеттік қызметтерге салық қызметі немесе пошта сынды ресми аккаунттар арқылы кіруге мүмкіндік береді [14, 25 б.]. 2021 жылғы деректер бойынша, платформада 28 миллионнан астам қолданушы тіркелген, ал оған 900-ден астам ведомство мен ұйым интеграцияланған.

Нәтижесінде, Франция халқының 65%-ы мемлекеттік қызметтерді цифрлық түрде алуды тұрақты түрде пайдаланады.

Франция цифрлық инновацияларды енгізуде де белсенділік танытып отыр. DINUM (Межминистрлік цифрлық дирекция) құрылымының шеңберінде жүзеге асырылып жатқан Beta.gouv.fr бағдарламасы мемлекеттік секторда стартаптық тәсілдерді қолдануға мүмкіндік берді. Бұл бағдарлама шеңберінде шағын, көпсалалы командалар lean startup әдіснамасына сүйене отырып, азаматтардың нақты қажеттіліктеріне бейімделген прототиптік өнімдерді жедел әзірлейді. Мұндай тәсіл мемлекеттік қызметтерді пайдаланушы тәжірибесіне сәйкестендіріп, шығындарды азайта отырып, тиімді шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді [14, 26 б.].

Франция цифрлық қызметтердің кең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар іргелі онлайн-платформалар әзірледі. Атап айтқанда, Service-public.fr – мемлекеттік қызметтерге қатысты барлық ақпаратты жинақтаған бірыңғай портал болып табылады [14, 25 б.]. Бұл ресурс азаматтарға қажетті құжаттар мен рәсімдер туралы нақты әрі құрылымдалған нұсқаулықтар ұсынады. Ал Demarches-simplifiees.fr платформасы өтініштерді электронды түрде қабылдап, оларды өңдеу үдерісін автоматтандыру арқылы әкімшілік рәсімдерді едәуір оңтайландырады. Бұл шешімдер құқықтық ашықтық пен процестік айқындықты қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру үдерісінде әлеуметтік инклюзияны қамтамасыз ету де Франция саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Электрондық сервистерге қол жеткізуде қиындыққа тап болатын азаматтарды қолдау мақсатында 2019 жылдан бастап ел аумағында France Services орталықтарының кең ауқымды желісі құрылды. Қазіргі таңда 2600-ден астам орталық жұмыс істейді, және олардың әрқайсысы ел тұрғындарына 30 минуттық радиуста қолжетімді [14, 26 б.].

Жалпылай алғанда, Францияның мемлекеттік қызметтерді цифрландыру тәжірибесі кешенді құқықтық базаға, технологиялық инновацияларға, сервистік бағдар мен әлеуметтік теңдік қағидаттарына негізделген үлгі ретінде ерекшеленеді.

Сингапур тәжірибесі.

1995 жылы Сингапур билігі мемлекеттік басқару жүйесін жаңартуға бағытталған «XXI ғасырдағы мемлекеттік қызмет» (PS21) атты стратегиялық бағдарламаны қабылдады [15]. Бұл құжат негізінде мемлекеттік қызмет көрсету саласында бірқатар елеулі өзгерістер жүзеге асты.

Бағдарлама аясында әрбір министрлік пен мемлекеттік агенттік құрылымында азаматтармен кері байланыс орнату және шағымдарды қабылдау үшін жауапты тұлға – қызмет сапасына жауапты менеджер тағайындалды. 2004 жылы «Есік қате болмауы керек» («No Wrong Door») атты бастама іске қосылып, мемлекеттік мекемелер арасындағы өзара байланыс күшейтілді [15, 79 б.]. Бұл тәсіл азаматтардың бір мекемеден екіншісіне жүгірмей-ақ, қажетті ақпаратты алғашқы байланысқан құрылымнан алуына жағдай жасады.

Мемлекеттік мекемелердің көрсететін қызметіне тұтынушылар қанша уақыт жұмсайтынын өздері бағалайды – бұл жүйе ұйымдарды уақыт шығынын қысқартуға итермелейді және процестерді оңтайландыруға ынталандырады.

Қызмет сапасын бір деңгейде ұстау үшін барлық мекемелер қызмет көрсетуге қатысты нақты ережелер мен стандарттарды, кері байланыс тәртібін, жұртшылықпен қарым-қатынас пен кеңес беру тәсілдерін қамтитын ішкі нұсқаулықтарды енгізді. Әрбір агенттік осы талаптарды сақтап, белгіленген сапа деңгейін ұстап тұруға міндетті [15, 81 б.]. Бұл талаптардың орындалуын бақылау мақсатында жүйелі аудиттер мен ішкі тексерулер жүргізіліп отырады. Сонымен қатар, қоғам өкілдері арасында сауалнама жүргізіліп, әртүрлі құрылымдарда ұсынылған қызметтердің қабылдану деңгейі бағаланады.

2003 жылы Сингапурда үздік қызметкерлерді ынталандыру мақсатында жыл сайын табысталатын арнайы марапат – «Қызмет көрсету жұлдызы» сыйлығы (Star Service Awards) тағайындалды. Бұл марапат тұрақты түрде жоғары сапада қызмет көрсеткен қызметкерлерге беріледі [15, 82 б.].

1999 жылы Сингапур үкіметі азаматтарға арналған электрондық қызметтер платформасын іске қосты. Кейін, 2000–2006 жылдар аралығында электрондық қызмет көрсету жүйесін толық енгізуге дайындық жүргізілді [15, 84 б.]. Бұл бастама 2006–2010 жылдарға арналған iGov2010 бағдарламасы арқылы толық іске асты. Бағдарлама шеңберінде 50-ден астам цифрлық жүйе енгізілді.

Бүгінде азаматтар мен кәсіпкерлерге арналған 1600-ден астам онлайн қызметті қамтитын үкіметтің бірыңғай веб-платформасы – www.gov.sg арқылы электрондық қызметтерге еркін қол жеткізу мүмкіндігі бар.

Литва тәжірибесі.

2024 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында магистратура бағдарламасы аясында Литва мемлекетінің астанасы – Вильнюс қаласында халықаралық тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болдық.

Тағылымдамадан өту барысында магистрлік зерттеу тақырыбына байланысты Литвадағы мемлекеттік қызметтерді ұсыну жүйесіне терең талдау жүргізілді.

Бұл салада негізгі өкілеттілікке ие мемлекеттік орган – Литва Республикасының Ішкі істер министрлігі болып табылады. Литвада мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін реттейтін негізгі құқықтық құжат – бұл 1999 жылдың 17 маусымында қабылданған «Мемлекеттік басқару туралы» № VIII-1234 заңы (Lietuvos Respublikos įstatymas Nr. VIII-1234 «Dėl viešojo administravimo»). Аталған заң негізінде мемлекеттік қызметтер екі негізгі санатқа бөлінеді (1-сурет):

1. Әкімшілік сипаттағы қызметтер (Administrative service);
2. Мемлекеттік қызметтер (Public service).

Бұл тәжірибе Литвадағы мемлекеттік басқару мен қызмет көрсету жүйесінің құрылымдық және құқықтық негіздерін зерделеуге, сондай-ақ Қазақстан үшін тиімді тәжірибелерді қарастыруға маңызды мүмкіндік берді [16].

1-сурет – Литва Республикасындағы мемлекеттік қызметтер

Ескертпе - [16] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Әкімшілік қызметтер шеңберінде рұқсатнамалар беру, лицензиялау, түрлі анықтамалар мен мәліметтер ұсыну секілді рәсімдер жүзеге асырылады. Ал, мемлекеттік қызметтер саласында халықтың әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған қызметтер көрсетіледі. Оған, атап айтқанда, білім беру, ғылым, мәдениет және спорт салаларындағы қызметтер кіреді [16].

Қазақстан мен Литва елдерінің мемлекеттік қызмет көрсету жүйелерін салыстырмалы түрде талдау төмендегі суретте ұсынылған (2-сурет).

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган	• **Қазақстан Республикасында** ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті • **Литва Республикасында** Литва Республикасының Ішкі істер министрлігі
Мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық акт	• **Қазақстан Республикасында** «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы • **Литва Республикасында** «Мемлекеттік басқару туралы» Литва Республикасының 1999 жылғы 17 маусымдағы № VIII–1234 Заңы
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі бекітілген құжат	• **Қазақстан Республикасында** «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» ҚР-ның Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы • **Литва Республикасында** Литва Республикасының Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және әкімшілік қызметтерінің каталогы»

2-сурет – Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының мемлекеттік қызметер көрсету жүйесі

Ескертпе - [11,16] дереккөздер негізінде автормен құрастырылған.

Литва Республикасында мемлекеттік қызметтер «бір терезе» принципіне сәйкес ұйымдастырылғанымен, Қазақстандағыдай бірыңғай құрылым – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы түріндегі орталықтандырылған жүйе жоқ. Әрбір қалада немесе салада өзіне тән «бір терезе» форматындағы Клиенттерге қызмет көрсету бөлімшелері (Klientų aptarnavimas / Обслуживание клиентов) жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта алу үшін Литваның электронды үкімет платформасы – https://www.epaslaugos.lt/portal/ жұмыс істейді [16]. Бұл портал арқылы 3800-ден астам қызмет түрін алуға болады. Жыл басынан бері 8 миллионнан астам қызмет ұсынылған. Портал құрылымы бірнеше бөлімдерге бөлінген: өмірлік жағдайларға негізделген қызметтер, санаттар бойынша топтастырылған қызметтер, ең жиі пайдаланылатын танымал қызметтер және жақында ғана жүйеге енгізілген жаңа қызметтер (3-сурет).



3-сурет – Литва Республикасының электрондық үкіметі

Ескертпе - [16] дереккөз негізінде автормен скриншот әзірленген.

Тағылымдама барысында болған Вильнюс қаласындағы қызмет көрсету бөлімінде тек сол қалаға қатысты бірқатар қызметтер ұсынылатынына көз жеткізілді. Вильнюс қаласы әкімдігіне қарасты https://paslaugos.vilnius.lt/ интернет-платформасы да қызмет атқарады [17]. Мысалы, тұрғындарды тіркеу, тұрғын үй-коммуналдық төлемдерді жүргізу, көші-қонға қатысты рәсімдер сынды жергілікті сипаттағы қызметтер көрсетіледі. Ал әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар секілді қызметтерді беру – әлеуметтік қорғау мекемесіне қарасты жеке Клиенттерге қызмет көрсету бөлімінде жүзеге асырылады [17]. Бұл сайтта

Вильнюс қаласына байланысты тұрғындар мен кәсіпкерлерге ұсынылатын барлық қызмет түрлері жинақталған (4-сурет).



4-сурет – Литва Республикасының Вильнюс қаласы әкімдігіне қарасты интернет платформасы

Ескертпе - [17] дереккөз негізінде автормен скриншот әзірленген.

Қазіргі таңда әлем елдері мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бағытында ауқымды өзгерістер жасап жатыр. Бұл үдеріс тек әкімшілік рәсімдерді жеңілдетіп қана қоймай, мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттырып, азаматтардың үкіметке деген сенімін нығайтуға ықпал етуде. Мемлекеттік қызметтерді онлайн форматқа көшіру арқылы көптеген елдер халықтың уақытын үнемдеуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және шешім қабылдау үдерісін жылдамдатуға қол жеткізді. Цифрлық шешімдер, сондай-ақ, шалғайда тұратын азаматтарға да тең қолжетімділік ұсынып, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге жол ашты. Жалпы алғанда, халықаралық тәжірибе цифрландырудың мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырып қана қоймай, бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін жүйелі түрде жақсартатынын көрсетіп отыр [18].

Сонымен, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыруда құқықтық реттеу, цифрлық инфрақұрылым және азаматқа бағдарланған тәсілдің біртұтас байланыста дамуы шешуші рөл атқарады. Ұлыбритания, Франция, Сингапур және Литва елдерінің мысалында мемлекеттік аппараттың ашықтығын арттыруға, халықпен кері байланысты нығайтуға және қызметтерді сапалы әрі жедел ұсынуға бағытталған институционалдық саясаттың маңыздылығы анық көрініс табады.

Мәселен, Францияда әкімшілік қатынастарды құқықтық регламенттеу мен дербес деректерді қорғау жөніндегі алғашқы заңдар 1978 жылдан бастап қабылданып, бұл үдерістер кейін электрондық үкімет жүйесінің заңнамалық

негізіне айналды. Ал Ұлыбританияда «Азаматтар хартиясы» секілді стратегиялық құжаттар мемлекеттік органдардың қызмет сапасына деген жауапкершілікті күшейтіп, азаматтардың үмітіне негізделген нәтижелілік моделін қалыптастырды. Сингапур мен Литвада «бір терезе» қағидатына негізделген цифрлық платформалар арқылы мемлекеттік қызметтерді проактивті форматта ұсыну кеңінен жолға қойылды.

Қазақстан осы елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекеттік қызмет көрсету саласын жүйелі түрде реформалап келеді. 2007 жылдан бастап мемлекеттік қызмет ұғымының заңнамалық тұрғыда бекітілуі, 2013 жылы арнайы заңның қабылдануы және 2006 жылдан бері жұмыс істейтін eGov.kz ұлттық порталы – бұл бағыттағы іргелі жетістіктер.

Алдағы уақытта Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді цифрландырудың келесі кезеңінде цифрлық теңсіздікті азайту, әлеуметтік осал топтарға қолжетімділікті қамтамасыз ету және мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыру сияқты басым бағыттарға назар аудару қажет.

2 Қазақстандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерін талдау

2.1 Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен халықтың қанағаттану деңгейін талдау

Мемлекеттік қызметтер – қоғам мен мемлекет арасындағы өзара әрекеттестіктің негізгі буыны. Азаматтардың мемлекетке деген сенім деңгейі көбінесе көрсетілетін қызметтердің сапасына байланысты [19]. Сондықтан мемлекеттік қызметтер сапасын басқару және халықтың қанағаттану деңгейін жүйелі түрде бағалау – заманауи мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды.

Мемлекеттік қызмет сапасы – бұл азаматтардың мемлекеттен алатын қызметтерінің қолжетімділігі, уақтылығы, тиімділігі мен әділдігі арқылы сипатталатын кешенді көрсеткіш [19, 33 б.]. Қызмет көрсету сапасы нормативтік талаптарға ғана емес, сонымен қатар пайдаланушылардың үміті мен қажеттіліктеріне сәйкестігімен де өлшенеді. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында көрсетілетін сервис стандарттары, қызмет көрсету мәдениеті, ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі сияқты факторлар ерекше маңызға ие.

Қызмет көрсету сапасы – бұл оның тұтынушылық сұранысты қанағаттандыру қабілетін анықтайтын параметрлер жүйесі.

Қызмет көрсету сапасын басқару жүйесі – бұл ұйымдық құрылымдардың, жауапкершілік салаларының, процедуралардың, операциялық процестердің және ресурстардың жиынтығы, олар қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптар – бұл тұтынушылық қажеттіліктерді нақты сандық немесе сапалық параметрлерге айналдыру және оларды қызмет көрсету жүйесіне енгізу [19, 34 б.].

Халықтың қанағаттану деңгейі – мемлекеттік қызмет сапасының тікелей көрсеткіші. Бұл көрсеткішті бағалау мемлекеттік органдардың жұмысының шынайы тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Қанағаттану деңгейін өлшеу – тек формальды бағалау емес, ол халықтың мемлекетке деген сенімін, мемлекеттік институттардың беделін және әлеуметтік тұрақтылық деңгейін де сипаттайды.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет сапасын арттыру мақсатында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заң қабылданып [20], мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттері бекітілді. «eGov» электронды үкімет порталы, 1414 Call-орталығы, ХҚКО жүйесі сияқты цифрлық шешімдер арқылы қызметтердің қолжетімділігі арттырылды.

Осыған байланысты, мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімділігін бағалау мәселесін тереңірек ашу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мемлекеттік қызметтер сапасын бақылау бойынша жүргізген қоғамдық мониторингінің нәтижелеріне негізделген соңғы бес жылдық динамиканы жан-жақты талдау жүргізілетін болады [21]. Бұл талдау мемлекеттік қызмет сапасының эволюциясын, халықтың қанағаттану деңгейіндегі өзгерістерді және

осы саладағы институционалдық трансформациялардың негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді (5-сурет).



5-сурет – Халықтың жалпы мемлекеттік қызметтерге қанағаттану деңгейі
Ескертпе - [21] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Жалпы қанағаттану деңгейі соңғы 5 жыл ішінде тұрақты түрде өсіп келеді. 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы қанағаттану деңгейі 5,3 пайыздық тармаққа артқан. Бұл мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жақсарғанын және халықтың оларға деген сенімінің артқанын көрсетеді.

Алайда бұл жетістік шекті нәтиже емес. Азаматтардың үнемі өзгеріп отыратын сұраныстары мен мемлекеттік қызмет сапасына деген жоғары талаптарын ескере отырып, мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіруді үздіксіз жалғастыру қажет. Мемлекеттік қызметтердің сапасын жетілдіру процесі тоқтаусыз әрі жүйелі сипатта жүргізілуі тиіс. Өйткені халықтың жоғары деңгейдегі қанағаттанушылығы – мемлекеттің тиімділігін және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты алдағы кезеңде көрсетілетін қызметтердің сапасын одан әрі арттыруға, клиентке бағдарланған сервисті күшейтуге және инновациялық шешімдерді енгізуге баса назар аудару қажет.

Осылайша, жалпы қанағаттану деңгейінің өсімі мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы оң өзгерістерді айқындағанымен, азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәжірибесінде әлі де кездесетін бірқатар кедергілерге назар аудару қажет. Атап айтқанда, көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығы артқанымен, бюрократиялық

Дегенмен, франчайзинг моделін енгізудің бірқатар тәуекелдері де бар. Оның ішінде қызмет сапасын бақылауда қиындықтар туындауы, әлеуметтік жауапкершіліктің төмендеуі және мемлекеттік қызметтердің коммерциялануы мүмкін. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтардың мүдделерін ескеру қажеттілігі туындайды. Бұл тәуекелдерді азайту үшін қатаң реттеу механизмдері, әлеуметтік стандарттар мен франчайзинг шарттарында нақты талаптар белгіленуі тиіс.

Франчайзинг моделін мемлекеттік қызметтер саласына енгізудің стратегиялық маңызы зор. Бұл модельдің енгізілуі арқылы мемлекет клиентке бағдарланған қызмет көрсету форматына көшуге, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға және халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға мүмкіндік алады.

Қазақстан жағдайында франчайзинг моделін енгізудің арнайы бейімделген жол картасын жасау маңызды. Бұл жол картасында франчайзингтің енгізілу кезеңдері, серіктестерді іріктеу критерийлері, реттеу және бақылау механизмдері

нақты көрсетілуі тиіс. Жол картасы мемлекеттік қызметтерді франчайзинг арқылы көрсетудің пилоттық жобаларын іске асырудан басталып, нәтижелерге сүйене отырып, оны кең ауқымды енгізуге бағытталуы керек.

Осы орайда франчайзинг тетігін мемлекеттік қызметтер саласына бейімдеп қолдану мүмкіндігі өзекті болып отыр. Енді осы модельді іс жүзінде жүзеге асыру жолдары мен оны тиімді енгізудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдеріне тоқталамыз.

Алдымен ХҚКО франчайзингі бойынша серіктестік түрлерін қарастырайық. Серіктестіктің 3 түрі болады:

1. Серіктес агент моделі

Аталған модельде жеке тұлғалар немесе кәсіпкерлер арнайы оқытудан өтіп, мемлекеттік қызметтерді азаматтардың үйіне барып көрсетеді (13-сурет). Бұл – әсіресе ауылдық немесе шалғай өңірлер үшін қолайлы тәсіл.

Серіктеске қойылатын негізгі талаптар: соттылығының болмауы; мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы; жеке ноутбук пен көліктің болуы; арнайы оқытудан өту. Бұл модель өз кезегінде икемділігімен ерекшеленеді.



13-сурет – Серіктес агент моделін жүзеге асыру алгоритмі

Ескертпе – Автордың идеясы бойынша құрастырылған.

Серіктес агент моделін жүзеге асыру үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады және оған мемлекеттік корпорация мен серіктес тарап белсенді қатысады. Алдымен мемлекеттік корпорация мен серіктес арасында ресми келісімшартқа отырылады. Осыдан кейін серіктес «Азаматтарға арналған үкімет» (ХҚКО) ақпараттық жүйесіне (ИИС ЦОН) және оқыту курстарына төлем жасайды.

Бұдан соң, мемлекеттік корпорация VPN бағдарламалық-аппараттық кешенін сатып алып, серіктеске қауіпсіз қосылу арнасын қамтамасыз етеді. Серіктес өз кезегінде ноутбук сатып алып, қызмет көрсетуге техникалық дайындық жасайды. Осыдан кейін серіктес мемлекеттік қызмет көрсетуді бастайды.

Қызмет көрсету барысында серіктес алдымен клиенттен шақырту алады, одан кейін оның мекенжайына барады. Жеткеннен соң клиенттің нақты

қажеттіліктерін анықтап, қажетті құжаттар топтамасын қалыптастырады. Одан кейін қызмет құны бойынша төлем қабылдап, қызметті көрсетеді.

Қызмет көрсетілген соң серіктес жасалған қызмет бойынша есепті мемлекеттік корпорацияға ұсынады, бірақ бұл үшін оған төлем жүргізілмейді. Мемлекеттік корпорация бұл есеп негізінде Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау жөніндегі құрылымға (МҚК) тиісті есеп береді.

2. Жүйелік серіктестік моделі

Бұл форматта қызмет көрсету серіктес ұйымдардың өз кеңселерінде жүргізіледі. Мемлекеттік корпорация тарапынан ХҚКО ИАЖ жүйесіне қауіпсіз қосылу мүмкіндігі мен техникалық сүйемелдеу қамтамасыз етіледі (14-сурет).

Талаптар: қызмет көрсетуге арналған кеңсе немесе алаңның болуы; қауіпсіз байланыс арнасын орнату; кеңсе жабдықтары (мебель, техника) және қызметкерлерді дайындау; арнайы оқыту курстарынан өту.

Мұндай модель урбанизация деңгейі жоғары аймақтар үшін ыңғайлы, себебі бір мезгілде көп клиентке қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.



14-сурет – Жүйелік серіктестік моделін жүзеге асыру алгоритмі

Ескертпе – Автордың идеясы бойынша құрастырылған.

Жүйелік серіктестік моделін іске асыру үдерісі бірнеше сатылы және екі негізгі тараптың – мемлекеттік корпорация мен серіктестің өзара іс-қимылына негізделеді.

Ең алдымен, мемлекеттік корпорация мен серіктес арасында ресми келісімшартқа отырылады. Осыдан кейін серіктес тарап бренд пен оқыту құны үшін төлем жүргізеді. Бұл төлем серіктес қызметкерлерін оқытуды қамтиды, ал қажет болған жағдайда ЦОН-ның штаттағы қызметкерлерін уақытша беруге де мүмкіндік қарастырылған.

Параллель түрде қауіпсіз байланыс арнасын орнату жұмыстары жүргізіледі, бұл ИИС ЦОН жүйесіне қауіпсіз әрі қорғалған қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қажет. Серіктес ұйым өз кеңсесін дайындайды: жиһаз, қабылдау орны және басқа да инфрақұрылымдық элементтермен жабдықтайды.

Келесі кезеңде талаптарға сай оргтехника орнатылады, мысалы: компьютерлер, принтерлер, сканерлер және т.б. Осыдан кейін мемлекеттік

корпорация ХҚКО ақпараттық жүйесі мен электрондық үкімет платформаларын (ЭО) баптап қосады.

Техникалық және кадрлық дайындық аяқталғаннан кейін серіктес азаматтарға мемлекеттік қызметтерді көрсете бастайды. Көрсетілген әрбір қызмет бойынша серіктес есеп береді, бұл есеп мемлекеттік корпорация арқылы Мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау органына (МҚҚ) жолданады.

Соңғы кезеңде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (ЦДИАӨМ) қызмет көрсетілген бірліктер негізінде қаржылық төлем жүргізеді, яғни серіктес көрсеткен қызметі үшін ақы алады.

3. Инфрақұрылымдық серіктестік моделі

Бұл – ең кеңейтілген және күрделі модель. Онда жұмыс істеп тұрған ХҚКО бөлімшесі толықтай серіктеске беріледі (15-сурет). Серіктес ұйым ғимаратты жалға алады немесе иелік етеді, жөндеу жұмыстарын жүргізеді және қызметкерлерді дайындайды.

Талаптар: ғимараттың немесе жалға алу мүмкіндігінің болуы; жөндеу және жабдықтау жұмыстарын жүргізу; мемлекеттік қызмет көрсету процесін ұйымдастыруға арналған оқытудан өту.

Мемлекеттік корпорация бұл жағдайда тек әдістемелік және сапалық бақылаушы рөлін атқарады.

15-сурет – Инфрақұрылымдық серіктестік моделін жүзеге асыру алгоритмі

Ескертпе – Автордың идеясы бойынша құрастырылған.

Инфрақұрылымдық серіктестік моделінде мемлекеттік корпорация мен серіктес ұйым қолданыстағы ХҚКО бөлімін толықтай басқаруға беру бойынша бірлескен жұмыс жүргізеді.

Алдымен мемлекеттік корпорация мен серіктес тарап басқаруға берілетін нақты бөлімді айқындайды. Одан кейін осы бөлімді серіктес басқаруына беру туралы ресми келісімшарт жасалады.

Келісімшарттан соң серіктес ұйым қажет болған жағдайда брендбук талаптарына сәйкес жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл – қызмет көрсету стандарттарына сай инфрақұрылымды қамтамасыз етуге бағытталған қадам.

Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін мемлекеттік корпорация серіктестің қызметкерлерін оқытады, бұл – сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін маңызды кезең.

Оқудан өткен соң серіктес ЦОН бөлімін жалға алып, брендті пайдалану құқығы үшін төлем жүргізеді. Осылайша, серіктес толыққанды қызмет көрсетуге көшеді. Ол мемлекеттік қызметтерді көрсетуді бастайды және атқарылған жұмыс бойынша есеп дайындайды.

Көрсетілген қызметтер туралы есеп алдымен мемлекеттік корпорацияға тапсырылады, кейін бұл деректер Мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау органына (МҚК) жолданады.

Франчайзинг моделін қаржыландыру тетігі және тиімділігі.

Франчайзингтік серіктестік моделін мемлекеттік қызмет көрсету саласына енгізу – қосымша қаржылық жүктемені талап етпейтін, керісінше, бар ресурстарды қайта бөлу арқылы оңтайландырылатын тиімді басқару құралы. Бұл тәсіл қазіргі таңда Мемлекеттік корпорацияға қаражат түрінде бөлініп отырған шығындарды қайта қарастырып, оның белгілі бір бөлігін жеке серіктестерге бағыттау арқылы жүзеге асырылады.

Соңғы 5 жылда мемлекеттік бюджет есебінен орта есеппен халыққа қызмет көрсету орталықтарын (ХҚКО) ұстауға, ғимаратты жалдау немесе коммуналдық төлемдерге, қызметкерлер жалақысына (ФОТ), кеңсе техникасына және инфрақұрылымға, күзет пен бейнебақылауға, техникалық қызмет көрсету мен тұтыну материалдарына 58,7 млрд теңге жұмсалып келеді (16-сурет).

№	Қызметтердің атауы	Өлшем бірлігі	Тікелей шығындар						Жанама							
			Еңбекақы қоры	Салықтар	Жұмыс берушінің міндетті сақтандыруы (0,48%)	Әлеуметтік және медициналық сақтандыру қорына аударымдар (3%)	Міндетті зейнетақы жарнасы (1,5%)	БАРЛЫҚ тікелей шығындар	Жұмыстарды дайындау және іске қосу (реттеу) шығындары	Әкімшілік шығындар	Инфляция 7%	БАРЛЫҚ шығындар	ҚҚС (қосылған құн салығы)	Барлық шығын (1 қызмет бірлігіне теңге) (цена за ед. услуги)	ХҚКО көрсеткен қызметтердің көлемі	Көлем көрсеткіштері бойынша жалпы құн (теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
1	Ресімшінде кеңес беру және құжаттардың толықтығын тексеру	жұмыс	33,63	2,88	0,16	1,01	0,50	38,18	232,37	99,38	25,90	395,82	47,50	**443,32**	**16 244 309,00**	7 201 490 130,07
2	Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау	жұмыс	132,57	11,33	0,64	3,98	1,99	150,50	915,97	391,74	102,07	1560,29	187,23	**1747,52**	**16 244 309,00**	28 387 269 233,67
3	Мемлекеттік қызмет нәтижесін беру	жұмыс	20,99	1,79	0,10	0,63	0,31	23,83	145,01	62,02	16,16	247,01	29,64	**276,65**	**17 521 401,00**	4 847 257 897,95
4	Өтініштерді қабылдау және беру бойынша тізілімдерді қалыптастыру (жинақтау секторы)	жұмыс	28,03	2,40	0,13	0,84	0,42	31,82	193,64	82,82	21,58	329,85	39,58	**369,44**	**5 414 769,67**	2 000 413 925,02
5	Денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдарға үйге барып мемлекеттік қызмет көрсету	жұмыс	192,20	16,43	0,92	5,77	2,88	218,21	1328,02	567,96	147,99	2262,19	271,46	**2533,65**	**38 756,00**	98 194 043,91
6	«Мобильді ЦОН» арқылы мемлекеттік қызмет көрсету	жұмыс	190,70	16,31	0,92	5,72	2,86	216,50	1317,67	563,53	146,84	2244,54	269,35	**2513,89**	**197 550,00**	496 618 372,03
7	Өзіндік қызмет көрсету секторында кеңес беру және көмек көрсету	жұмыс	73,26	6,26	0,35	2,20	1,10	83,17	506,17	216,48	56,41	862,22	103,47	**965,69**	**15 367 091,52**	14 839 846 718,06
8	Жол қозғалысы ережесі бойынша теориялық тестілеу кезінде кеңес беру	жұмыс	34,67	2,96	0,17	1,04	0,52	39,36	239,58	102,46	26,70	408,10	48,97	**457,07**	**645 785,00**	295 169 181,92
9	Автоматтандырылған электрондық алаңда жүргізілетін практикалық емтихан кезінде кеңес беру	жұмыс	81,21	6,94	0,39	2,44	1,22	92,20	561,11	239,97	62,53	955,81	114,70	**1070,51**	**566 242,00**	606 165 964,63
	Жылына барлығы															**58 772 425 467,26**

16-сурет – ХҚКО бойынша тарифтерге арналған шығындардың жиынтық көлемі

Ескертпе – [22] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Франчайзингтік модель аясында осы қаражат толық жаңа көзден алынбайды, қайта:

- Бұрын бөлініп отырған қаржының құрылымы қайта қаралады;

- Мемлекеттік корпорацияда тек платформаға техникалық қолдау көрсетуге, сапаны бақылауға және нормативтік үйлестіруге қажет бөлігі ғана қалады;
- Қалған бөлігі серіктес ұйымдарға қызмет көрсетуге ынталандыру төлемі ретінде бағытталады.

Мемлекеттік қызметтерді франчайзинг тетігі арқылы жүзеге асыру үшін қаражатты мемлекет пен жеке серіктес арасында тиімді әрі әділетті үлестіре білу – табысты іске асырудың басты шарты. Осы мақсатта ұсынылып отырған үлес мынадай нақты құрылымға негізделеді:

Франчайзингтік модель бойынша қызмет көрсетуге жұмсалатын қаражаттың 30%-ы мемлекеттік корпорацияда қалып, ал қалған 70%-ы тікелей серіктеске аударылғаны жөн болады.

Мұндай бөлу үлесін ұсынудың бірнеше нақты негіздемесі бар.

Біріншіден, мемлекеттік корпорация өзінің негізгі жүйелік функцияларын орындауды жалғастыра береді. Атап айтқанда, ХҚКО ИАЖ және ЭЦҚ секілді ақпараттық жүйелерді техникалық қолдау, қызметкерлерді оқыту, сапа стандарттарын әзірлеу мен бақылау, нормативтік-әдістемелік сүйемелдеу және халықпен кері байланыс орнату міндеттері бұрынғысынша мемлекет құзырында болады. Осы бағыттардағы нақты шығындарды талдау нәтижесінде, олардың жалпы құрылым ішіндегі үлесі 30%-ды (17,63 млрд теңге) құрайтыны анықталды (5-кесте).

5-кесте – Шығындардың құрылымдық үлесі

№	Қызмет түрі	Мазмұны	Шығын үлесі (%)
1	Ақпараттық жүйелерді ұстау және дамыту	ХҚКО ИАЖ, ЭЦҚ, eGov mobile, серверлер, VPN, тех. Сүйемелдеу	**12%**
2	Сапа мен қауіпсіздік мониторингі	Кері байланыс жүйелері, рейтинг, сапа аудиті	**5%**
3	Қызметкерлерді оқыту және нұсқаулықтар	Агенттерді оқыту, әдістемелік материалдар	**4%**
4	Нормативтік-әдістемелік үйлестіру	Қызмет регламенті, келісім үлгілері, бақылау механизмдері	**5%**
5	Жалпы басқару және франшиза реттеуі	Заңдық сүйемелдеу, есептілік, серіктесті тіркеу, келісімшарттар	**4%**
Барлығы			**30%**

Ескертпе – [22] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Екіншіден, қызмет көрсету процесінің өзі – өтініш қабылдау, кеңес беру, нәтиже беру, мобильді қызмет көрсету сияқты күнделікті операциялар – тікелей орындаушы серіктестің жауапкершілігіне беріледі. Бұл процестерге жұмыс күшін басқару, кеңсе инфрақұрылымын қамтамасыз ету, клиентпен тікелей жұмыс істеу, қызмет көрсетудің логистикасы мен қауіпсіздігін ұйымдастыру кіреді. Бұл шығындар қызметтің негізгі бөлігін құрайды және серіктес тарапынан

ұйымдастырылады, сондықтан 70% (41,14 млрд теңге) қаржыландыру үлесін осы тарапқа бөлу толық негізделген (6-кесте).

6-кесте – Шығындардың құрылымдық үлесі

№	Қызмет түрі	Мазмұны	Шығын үлесі (%)
1	Мемлекеттік қызмет көрсету процесі	Қызметкердің жалақысы, өтініш қабылдау, кеңес беру	**35%**
2	Кеңсе және инфрақұрылым	Жиһаз, техника, бейнебақылау, құрал-жабдық	**12%**
3	Коммуналдық және сервистік шығындар	Электр, интернет, жылу, тазалық	**8%**
4	Мобильді қызмет көрсету	Мобильді ЦОН, көлік, жанармай, логистика	**15%**
Барлығы			**70%**

Ескертпе – [22] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Сонымен, 16-суреттегі жалпы қаржылық сметаға сәйкес, барлық ХҚКО қызметтері бойынша жұмсалған шығын нақты 58 772 425 467,26 теңгені құраған. Соның ішінде ақпараттық инфрақұрылымды ұстауға және орталық басқару қызметтеріне шамамен 17,6 млрд теңге жұмсалған (30%) (5-кесте). Бұл – 30% үлестің нақты дәлелі. Ал қалған 41,1 млрд теңгесі қызмет көрсетудің өзін ұйымдастыруға бағытталған (6-кесте) – бұл серіктестің функциясы.

Осылайша, франчайзинг аясында әрбір көрсетілген мемлекеттік қызметке бөлінетін қаржының 30%-ы мемлекеттік корпорацияда қалуы керек, ал 70%-ы серіктеске төленуге тиіс. Бұл үлес:

мемлекет үшін – жүйені, сапаны, қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

серіктес үшін – қызметті нақты орындау, кеңсе және кадрлық шығындарды жабу;

ал азаматтар(халық) үшін – сапалы әрі қолжетімді қызметке қол жеткізу кепілі болады.

Яғни, тарқатып жазатын болсақ:

Азаматтар үшін: тариф өзгермейді, ақылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бағасы өзгермейді, қызмет көрсету сапасы артып, географиялық қолжетімділік кеңейеді, серіктес бөлімшелері бұрынғыдан гөрі тұрғын үйлерге жақын орналасады, инклюзивті стандарттарға сай болады, кезек қысқарады, жұмыс уақыты икемді бола түседі

Серіктес үшін ұтымды жағы: тұрақты табыс көзі, коммерциялық қызметті біріктіру мүмкіндігі *(мысалы: кеңсе ішіндегі ксерокөшірме, кофе, флешка сату т.б.)*; мемлекет тарапынан оқыту және әдістемелік сүйемелдеу; брендті пайдалану құқығы – ХҚКО атауын коммерциялық сенімділік ретінде қолдану.

Мемлекет үшін бюджетті тиімді пайдалану мүмкіндігі, шығындарды оңтайландыру, операциялық жүктеме және инвестициялық қайтарым жағынан да тиімді болып табылады.

Бұл үлестіру механизмі бюджетке қосымша жүктеме түсірмей, бар ресурстарды тиімді әрі мақсатты пайдалану арқылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл мемлекеттік-жекешелік әріптестікті нығайтып, жергілікті кәсіпкерлікті жандандыруға серпін береді.

ХҚКО франчайзинг моделін енгізу мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы түбегейлі реформаларға жол ашады. Бұл модельдің тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жан-жақты зерттеулер, пилоттық жобалар және тұрақты мониторинг жүйесі қажет. Алдағы кезеңде осы бағыттағы жұмыстарды терең талдау қажет болады. Жан-жақты талдау үшін SWOT талдау әдісін пайдаланамыз (17-сурет):



17-сурет – SWOT талдау

Ескертпе - Автордың идеясы бойынша құрастырылған.

Кестені тарқатып жазатын болсақ:

Күшті жақтары (Strengths):

Тиімділік пен жылдамдық: франчайзинг серіктестері мемлекеттік қызметтерді ұсынудағы бюрократиялық процестерді қысқартып, қызметтерді тез әрі сапалы көрсетуге тырысады.

Мемлекеттік корпорация жүктемесінің төмендеуі: жүктеме азайып, олар стратегиялық бағыттарға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік алады.

Инновациялық тәсілдердің енуі: жеке сектордың тәжірибесі мен инновациялары мемлекеттік қызметтерге интеграцияланады, жаңа технологиялар мен басқару тәсілдері енгізіледі.

Экономикалық тиімділік: франчайзинг серіктестері арқылы қызмет көрсету мемлекеттік шығындарды төмендетуге және жеке инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Әлсіз жақтары (Weaknesses).

Коммерциялық мүдделердің басымдылығы: жеке серіктестердің мемлекеттік қызметтерді коммерциялық пайда табу мақсатында пайдалануы әлеуметтік жауапкершілікті төмендетуі мүмкін.

Тәжірибенің жетіспеушілігі: Қазақстанда мемлекеттік қызмет көрсету саласында франчайзинг моделін енгізу бойынша тәжірибенің жоқтығы бастапқы кезеңде қиындық туғызуы ықтимал.

Мүмкіндіктері (Opportunities). Жеке секторды белсенді тарту: франчайзинг моделі арқылы жеке бизнесті мемлекеттік қызмет көрсету саласына белсенді түрде тартуға болады.

Жаңа жұмыс орындарының ашылуы: франчайзинг серіктестері арқылы жаңа жұмыс орындары пайда болып, халықты жұмыспен қамту артады.

Аймақтардағы қызмет сапасын теңестіру: франчайзинг моделі аймақтарда сапалы мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қауіптері (Threats). Әлеуметтік жауапкершіліктің азаюы: коммерциялық пайданы көздеу әлеуметтік осал топтардың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін шектеуі мүмкін.

Қоғамдық қабылдамау: қоғам тарапынан мемлекеттік қызметтердің жеке секторға берілуіне қатысты сенімсіздік пен қарсылық болуы мүмкін.

Сонымен, франчайзинг моделін енгізу мемлекеттік қызмет көрсету саласында сапалы өзгерістер мен экономикалық тиімділікті қамтамасыз етудің ықтимал тиімді құралы бола алады. Алайда оның тиімді әрі тұрақты жұмыс істеуі үшін бірқатар шарттарды қамтамасыз ету қажет. Соның ішінде:

Мемлекеттік бақылау мен реттеу жүйесін жетілдіру;

Қызмет сапасы стандарттарын нақты бекітіп, франчайзинг серіктестерінің қызметін тұрақты мониторингтеу;

Әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын франчайзинг келісімшарттарында нақты көрсету және орындауын бақылау;

Франчайзинг модельдерін енгізу бойынша құқықтық-нормативтік базаны жетілдіру;

Халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қоғамдық қабылдау мен сенімді нығайту.

Осы шаралар кешенді түрде жүзеге асырылған жағдайда ғана мемлекеттік қызметтерді франчайзинг моделі арқылы басқарудың артықшылықтарын толық пайдалануға болады.

Мемлекеттік қызметтерді франчайзинг моделі арқылы іске асыру алгоритмі бірнеше кезеңнен тұрады: ең алдымен дайындық кезеңінде нормативтік-құқықтық базаны талдау және жетілдіру, франчайзинг бойынша мемлекеттік қызметтердің тізімін анықтау, франчайзинг шарттары мен талаптарын бекіту, халықаралық тәжірибені зерделеу қажет; келесі кезекте концепция мен жол картасын әзірлеу кезеңі жүргізіледі, мұнда франчайзинг моделінің толық тұжырымдамасы дайындалады, нақты жол картасы әзірленеді,

оның ішінде енгізу кезеңдері, орындау мерзімдері, жауапты мекемелер мен қаржыландыру көздері көрсетіледі, франчайзинг серіктестерін тарту механизмдері мен таңдау критерийлері анықталады; үшінші кезеңде пилоттық жобаны іске асыру көзделеді, нақты аймақтар мен қалаларда пилоттық жобалар басталады, ашық конкурс арқылы франчайзи серіктестер іріктеледі, серіктестерге тренингтер өткізіледі және олар басқару мен қызмет көрсету стандарттарына үйретіледі, пилоттық жоба нәтижелері бойынша тұрақты есептер мен бағалау жүргізіледі; төртінші кезеңде мониторинг және аралық бағалау іске асырылады, франчайзи серіктестердің қызмет көрсету сапасын тұрақты мониторингтеу жүйесі енгізіледі, нәтижелер бойынша серіктестермен тұрақты кері байланыс орнатылады және қажетті түзетулер жасалады; бесінші кезеңде кең ауқымды енгізу және тарату жұмыстары жүзеге асады, пилоттық жобалар нәтижелері қорытындыланып, сараптамалық есеп жасалады, франчайзинг серіктестерінің саны кеңейтіліп, жаңа серіктестермен келісімшарттар жасалады, қоғамдық талқылаулар ұйымдастырылып, франчайзингтің ұлттық желісі қалыптастырылады; соңғы алтыншы кезеңде тұрақты бақылау мен жетілдіру шаралары қолға алынады, франчайзинг моделінің сапасы тұрақты бақыланып, жетілдіру жұмыстары жалғасады, серіктестердің сапалық рейтингтері жарияланып, жаңа инновациялық технологиялар енгізіледі, франчайзи серіктестердің кәсіби деңгейін арттыру бойынша бағдарламалар үздіксіз іске асырылады. Осы кезеңдер толық әрі жүйелі орындалса, франчайзинг моделінің тиімділігі жоғарылап, мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен халықтың қанағаттанушылығы айтарлықтай артады.

Осылайша, мемлекеттік қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін жетілдіру аясында франчайзинг моделін енгізу мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен клиентке бағдарлануын арттырудың перспективті бағыты болып табылады. Франчайзинг моделі мемлекеттік қызметтер сапасын жоғарылатып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік аппараттың жүктемесін азайтуға, экономикалық шығындарды оңтайландыруға және жеке сектордың әлеуетін белсенді түрде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметтер нарығында бәсекелестікті дамытуға, инновациялық технологиялар мен заманауи басқару тәжірибелерін енгізуге қолайлы жағдай жасайды. Дегенмен, аталған модельдің табысты жүзеге асуы үшін құқықтық-нормативтік базаны нығайту, серіктестерді тиімді іріктеу, сапаны тұрақты бақылау механизмдерін енгізу және қоғамдық пікір мен сенімді қалыптастыру бағытында кешенді шараларды жүйелі түрде іске асыру маңызды. Осы шарттар толық орындалған жағдайда ғана мемлекеттік қызметтерді франчайзинг арқылы ұсыну тәжірибесі тұрақты және нәтижелі болады.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуда франчайзинг моделінің рөлі тек сервистік сапаны арттырумен шектелмейді. Бұл механизм мемлекет пен бизнестің әріптестік қатынасын жаңа деңгейге шығара отырып, экономиканың әртараптандырылуына да үлес қоса алады. Атап айтқанда, азаматтарға көрсетілетін қызметтерді жеке операторлар арқылы беру – кәсіпкерлік субъектілеріне жаңа нарықтық мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар

азаматтардың қызмет сапасына деген талғамын ескеріп, қоғамдық мониторинг пен нарықтық жауапкершілікті күшейтеді. Бұл үдеріс халық пен мемлекет арасындағы сенімді нығайтып, қоғамның басқару процестеріне қатысу деңгейін арттырады.

Сонымен қатар, мемлекеттік функцияларды аутсорсингке беру тәжірибесімен де параллель жүргізілуі қажет, алайда мұнда басты айырмашылық – франчайзинг барысында жеке серіктес мемлекеттік бренд пен стандартты сақтай отырып қызмет көрсетеді. Бұл қызмет сапасының біркелкілігін қамтамасыз етеді және азаматтар үшін қолжетімділік пен сенімділікті сақтайды.

Осы орайда, франчайзинг моделін енгізу – институционалдық реформалардың жаңа толқынының бір бөлігі болуы тиіс. Бұл тек технологиялық немесе ұйымдастырушылық қадам емес, сонымен қатар қоғамның мемлекеттік басқаруға деген көзқарасын өзгертуге бағытталған парадигмалық бетбұрыс. Мемлекет «барлығын өзі атқарушы» субъектіден «реттеуші және бақылаушы» функцияларына көшуі тиіс. Яғни, мемлекет қызметті өзі орындамайды, бірақ сапасы мен әділдігін қамтамасыз етеді.

Франчайзинг негізінде жұмыс істейтін орталықтардың қызметін қадағалау үшін индикаторлар жүйесі, KPI және азаматтық бақылау құралдары қатар қолданылуы тиіс. Қызмет көрсету жылдамдығы, кері байланыстың сапасы, қызмет алушылардың қанағаттану деңгейі – басты өлшемдерге айналуы тиіс. Сонымен қатар, электрондық үкімет платформаларымен толық интеграция, біртұтас ақпараттық базаларға қосылу, қауіпсіздік пен дербес мәліметтерді қорғау мәселелері де ерекше назарда болуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерін жетілдіру барысында франчайзинг моделін енгізу – Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың сапалық жаңа сатыға көтерілуіне жол ашады. Бұл модель мемлекет пен қоғам арасындағы өзара әрекеттестік жүйесін қайта құрып, азаматтардың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттырып қана қоймай, экономикалық ресурстарды тиімді пайдалануға, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға және сервистік мемлекеттің толыққанды қалыптасуына серпін береді.

Мұндай модельді сәтті жүзеге асыру – тек техникалық мәселе емес, мемлекеттік басқарудың стратегиялық қайта құрылымдануы болып табылады. Сондықтан да, бұл процесте кешенді тәсіл, саяси ерік-жігер және институционалдық сабақтастық басты рөл атқарады. Мемлекет өз қызметтерінің бір бөлігін сенімді серіктестерге бере отырып, азаматтар үшін қолайлы, тиімді әрі заманауи басқару моделін ұсына алады. Ал бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму стратегияларымен, «Цифрлық Қазақстан», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамаларымен толық үндеседі. Осы бағыттағы дәйекті әрі ғылыми негізделген қадамдар – болашақ мемлекеттік басқару моделінің іргетасы болмақ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген ғылыми зерттеу барысында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің теориялық негіздері, халықаралық тәжірибесі, Қазақстандағы қазіргі жағдайы мен жетілдіру шаралары жан-жақты қарастырылды.

Бірінші тарауда қарастырылған теориялық және тәжірибелік негіздер мемлекеттік қызмет көрсетудің мәнін, құрылымын, түрлерін және оны ұйымдастырудың механизмдерін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Қызмет көрсету ұғымының классикалық экономикалық теориядағы, маркстік көзқарастағы және қазіргі заманғы маркетингтік тәсілдердегі интерпретациясы мемлекеттік қызметтерді жалпы қызмет көрсету жүйесіндегі ерекше құбылыс ретінде қарастыруға алғышарт жасайды. Мемлекеттік қызметтердің экономикалық, құқықтық және басқарушылық тұрғыдан сараланууы бұл саланың күрделі, көпдеңгейлі және интеграцияланған жүйе екенін көрсетеді.

Мемлекеттік қызметтер – мемлекеттің азаматтар мен ұйымдарға бағытталған тікелей функцияларының бірі. Бұл қызметтер әлеуметтік, құқықтық, ақпараттық және экономикалық сипаттарға ие, сондай-ақ қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған. Қызмет көрсету процесінің материалдық емес сипаты, өндіріс пен тұтынудың ажырамас өзара байланысы, сапаның субъективті өзгермелілігі және қор жинақтау мүмкіндігінің болмауы сияқты белгілер бұл салаға ерекше басқару тәсілдерін қажет етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету механизмдері өзара байланысты бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады: ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық, әлеуметтік-психологиялық және экономикалық. Әрбір механизм өз функцияларын нақты басқару құралдары арқылы жүзеге асырады және мемлекеттік басқару тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, ұйымдастырушылық механизм қызмет көрсету жүйесінің ішкі құрылымын және жауапкершілік шеңберін айқындайды, ал құқықтық механизм мемлекеттік қызметтердің заңдық негізін қалыптастырады. Ақпараттық механизм цифрландыру арқылы қолжетімділік пен ашықтықты қамтамасыз етсе, әлеуметтік-психологиялық механизм тұтынушыға бағдарланған қызметті күшейтеді. Ал экономикалық механизм ресурстарды оңтайлы бөлу, тарифтік саясат және шығын тиімділігі мәселелерін реттейді.

Жоғарыда талданған халықаралық тәжірибе де мемлекеттік қызметтерді тиімді ұйымдастыруда бірізді реформа жүргізудің және институционалдық жаңғыртудың маңыздылығын көрсетеді. Ұлыбритания, Франция, Сингапур және Литва секілді мемлекеттердің үлгілері қызмет көрсету сапасын арттыруда сервистік тәсілдер мен цифрлық шешімдердің біртұтас қолданылуының табысты үлгілері ретінде танылып отыр.

Ұлыбританияның «Азаматтар хартиясы» бастамасы азаматтардың пікіріне негізделген сапа стандарттарын енгізуге мүмкіндік берсе, Франция әкімшілік рәсімдерді құқықтық тұрғыдан регламенттеп, цифрлық платформалар арқылы қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етті. Сингапурда әрбір қызмет түріне жауапты менеджер тағайындау, азаматтармен кері байланыс жүйесін дамыту және нақты нәтижелерге негізделген басқару құралдарын енгізу арқылы

тұтынушыға бағдарланған басқару қалыптастырылды. Ал Литвада әкімшілік және қоғамдық қызметтердің нақты бөлінуі, «бір терезе» қағидатының іске асуы және кең ауқымды онлайн-платформалар азаматтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Халықаралық тәжірибелер көрсеткендей, мемлекеттік қызметтерді тиімді ұсыну үшін төмендегідей ортақ қағидаттарды ескеру қажет:

Қызметтерді азаматтардың өмірлік жағдайлары мен қажеттіліктеріне сәйкестендіру;

Қызметтерді бір орталықтан немесе бірыңғай платформа арқылы ұсыну;

Электрондық үкімет жүйелерін кеңінен енгізу және интеграциялау;

Қызмет көрсету сапасына қатысты айқын стандарттар мен кері байланыс тетіктерін орнату;

Жекеменшік сектордың әлеуетін тарту арқылы мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру;

Әлеуметтік инклюзивтілік қағидатын сақтау, әсіресе осал топтар үшін.

Қазақстан үшін бұл тәжірибелер ерекше мәнге ие. Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік қызмет көрсету саласын жаңғырту бағытында нақты қадамдар жасалып келеді. 2007 жылдан бастап бұл ұғым заңнамалық негізде бекітілсе, 2013 жылы арнайы заң қабылданып, eGov.kz порталы іске қосылды. Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы орталықтандырылған қызметтер ұсынылуда. Алайда, халықаралық деңгеймен салыстырғанда, жүйелік тиімділік пен сервистік тәсілдер әлі де даму сатысында тұр.

Теориялық зерттеулер көрсеткендей, мемлекеттік қызмет көрсету – бұл жай ғана әкімшілік рәсімдер жиынтығы емес, ол халықтың әл-ауқаты, құқықтарының жүзеге асуы, мемлекетке деген сенімі және қоғамдық келісімнің сапасы сияқты маңызды факторларға тікелей әсер ететін сала. Бұл саладағы кез келген өзгеріс халықтың күнделікті өміріне әсер ететіндіктен, өзгерістер жүйелі, ғылыми негізделген және азаматтарға бағдарланған болуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің тиімділігі – бұл бүкіл мемлекеттік басқарудың тиімділігінің айқын көрсеткіші. Бұл саланы жетілдіру тек техникалық немесе әкімшілік шаралармен шектелмейді, ол кең көлемді институционалдық трансформацияны талап етеді. Мемлекеттік қызмет көрсету механизмдерін жетілдіру азаматтардың қажеттіліктерін барынша ескеруге, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға, басқарушылық шешімдердің дәлдігін қамтамасыз етуге және Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мәселе ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік реформалардың басты назарында болуы қажет.

Екінші тарауда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жасалды. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіне жүргізілген кешенді талдау бұл саланың институционалдық дамуын, азаматтардың қанағаттану деңгейінің серпінін және инфрақұрылымдық-цифрлық өзгерістерді терең сипатта ашып көрсетті. Мемлекеттік қызмет көрсету – қазіргі заманғы сервистік мемлекеттің басты индикаторларының бірі және азаматтар мен мемлекеттің

өзара сеніміне негізделген қоғамдық келісімнің негізі болып табылады. Бұл ретте қызмет сапасының жоғарылауы мен қолжетімділігінің кеңеюі – басқару тиімділігінің басты өлшемі.

Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен халықтың қанағаттану деңгейін талдау көрсеткендей, соңғы бес жыл ішінде бұл салада айтарлықтай оң серпін байқалады. Қанағаттану деңгейі 5,3 пайыздық тармаққа артса, қызмет көрсету сапасы 6,6%-ға өскен. Бұл өсім тек статистикалық деректермен ғана емес, сонымен қатар қызмет көрсету мәдениетінің, цифрлық инфрақұрылымның және адами капиталдың жақсаруы арқылы қамтамасыз етілген. Мемлекеттік қызметтер саласындағы сапа менеджменті жүйелі түрде қалыптасып, кері байланыс, мониторинг және бағалау жүйелері нәтижелі жұмыс істеуде. Алайда, бұл прогресс шекті нәтиже емес – азаматтардың үнемі өзгеріп отыратын сұраныстары мен жаңа цифрлық дәуір талаптары мемлекеттік басқаруға бейімделудің үздіксіз болуын міндеттейді.

Азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы әкімшілік кедергілерге шағымдары азайғанымен, бұл мәселе толық шешілген жоқ. 2019 жылы 18,5% шағымдану тіркелсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 13,7%-ға дейін төмендеген. Бұл «бір терезе» қағидаты, автоматтандыру және электрондық үкімет құралдарының белсенді қолданылуының нәтижесі. Алайда, әлі де кейбір салаларда құжат айналымының күрделілігі, ведомствоаралық үйлестірудің әлсіздігі және қайталанатын рәсімдер сақталып отыр. Бұл факторлар мемлекеттік басқару тиімділігін тежейтін себептердің бірі болып табылады. Сондықтан бюрократиялық рәсімдерді түбегейлі қысқарту мен нормативтік оңтайландыру бағытындағы жұмысты жалғастыру қажет.

Орталық мемлекеттік органдардың және өңірлік әкімдіктердің қызмет көрсету сапасы бойынша рейтингі бұл саладағы реформалар мен инвестициялардың нақты нәтижесін айқындады. 5 жыл ішінде орталық органдар рейтингі 4,8 баллға, ал өңірлік әкімдіктер көрсеткіші 5,2 баллға өсті. Бұл мемлекеттік қызмет сапасына қатысты ішкі бақылау, кадрлық қайта даярлау және сервистік мәдениетті дамытудың оң ықпалын көрсетеді. Алайда, өңірлік теңсіздік мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Шалғай өңірлерде, инфрақұрылымдық шектеулер жағдайында көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі республикалық орташа көрсеткіштерден төмен болуы мүмкін. Сондықтан бұл бағытта мақсатты аймақтық саясат жүргізу қажет.

Мемлекеттік қызмет көрсету арналарын талдау, атап айтқанда өз-өзіне қызмет көрсету секторлары мен фронт-офистердің үлесі бойынша деректер қызмет көрсету форматының трансформациясын көрсетеді. 2020–2022 жылдары электрондық арналар белсенді дами отырып, 2022 жылы рекордтық көрсеткішке жетті. Алайда 2023–2024 жылдары қызмет санының төмендеуі және өз-өзіне қызмет көрсету секторларындағы белсенділіктің күрт құлдырауы жүйелі бағалауды талап етеді. Бұл өзгерістер цифрлық қызметтердің сапасына, қолжетімділігіне немесе халықтың сенім деңгейіне байланысты болуы мүмкін. Сондықтан пайдаланушы тәжірибесін бағалау, цифрлық интерфейстерді оңтайландыру және азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру – алдағы реформалардың басым бағыттарының бірі болуы тиіс.

Ішкі бақылау және ақпараттық қауіпсіздік бойынша тіркелген бұзушылықтар мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіндегі этикалық және заңнамалық тәртіптің сақталу деңгейін көрсетеді. 2023–2024 жылдары тіркелген құқықбұзушылықтар санының артуы, қызметкерлердің тәртіптік жазаға тартылуы және бірқатар өңірлік ХҚКО-ларда сыбайлас жемқорлық фактілерінің орын алуы – бұл саланың әлі де тұрақты бақылауды қажет ететінін көрсетеді. Бұл бағытта қызметкерлерді іріктеу, қызметтік әдеп кодекстерін сақтау және ішкі аудит функцияларын күшейту маңызды. Сонымен қатар, киберқауіпсіздік жүйесін жетілдіру және азаматтардың жеке деректерін қорғау – цифрлық мемлекет концепциясының негізгі элементі болуы тиіс.

ХҚКО жүйесінің рөлі мен дамуын бағалау кезінде олардың инфрақұрылымдық, ұйымдастырушылық және технологиялық трансформациясынан хабар беретін нақты деректер келтірілді. ХҚКО арқылы ұсынылатын қызметтер саны жылдан-жылға артып, бүгінде мемлекеттік қызметтердің 94,2%-ы дәл осы орталықтар арқылы қолжетімді. Бұл көрсеткіш ХҚКО жүйесінің әмбебаптығы мен қолайлылығын дәлелдейді. Сонымен қатар, 51 проактивті қызмет түрінің енгізілуі, құжаттарды жеткізу, биометриялық сәйкестендіру, постаматтар мен құжаттандыру терминалдары – сервистік мемлекеттің жаңа форматтағы белгілері ретінде қарастырылуы мүмкін.

Соңғы жылдары жүзеге асырылған «СуперЦОН» жобасының тиімділігіне жүргізілген салыстырмалы талдау бұл бастаманың күтілген нәтижелерге толық сай еместігін көрсетті. Қарағанды және Қызылорда қалаларындағы пилоттық СуперЦОН бөлімдері дәстүрлі ХҚКО бөлімдеріне қарағанда аз қызмет көрсеткен, ал олардың қызмет көрсету шығындары бірнеше есе жоғары болған. Бұл жобаның қаржылық орнықтылығы мен халық тарапынан сұранысы төмен екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтердің 91,5%-ы электронды форматта қолжетімді болған жағдайда, осындай ірі инфрақұрылымдық орталықтар құрудың қажеттілігі – сұрақ тудыратын фактор. Осы орайда, ХҚКО-лардың институционалдық негізін сақтай отырып, қызмет көрсету сапасын арттырудың баламалы жолдарын қарастыру өзекті болып отыр.

Бұл тұрғыда мемлекеттік қызметтер жүйесіне франчайзинг механизмін енгізу – өзекті әрі болашағы бар бағыт ретінде қарастырылады. ХҚКО-ларды франчайзинг негізінде басқаруға беру мемлекеттік функциялардың бір бөлігін жеке секторға беру арқылы тиімділік пен сапаны арттыруға, мемлекеттік аппараттың жүктемесін азайтуға және бюджет шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл сервистік мәдениетті дамытуға, инновациялық шешімдерді енгізуге және азаматтарға бағытталған қызмет көрсету моделін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мұнда қарастырылған талдаулар мен эмпирикалық деректер мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің маңызды жетістіктері мен әлі де шешімін табуы тиіс проблемаларын кешенді түрде ашып көрсетті. Бұл саладағы басты міндет – қызмет сапасын тек сандық көрсеткіштермен емес, азаматтардың нақты қажеттіліктері мен қанағаттану деңгейіне сай қалыптастыру. Мемлекеттік қызметтерді көрсету механизмін оңтайландыру, сервистік тәсілді күшейту,

цифрлық теңсіздікті жою және тиімді басқару шешімдерін қабылдау – мемлекеттік басқаруды дамытудың келесі кезеңінің негізін қалайды.

Үшінші тарауда мемлекеттік қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін жетілдіру бойынша нақты шаралар ұсынылды. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында инновациялық тәсіл ретінде Халыққа қызмет көрсету орталықтарын (ХҚКО) франчайзинг моделіне көшіру ұсынылды. Бұл модель арқылы мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, мемлекеттік аппараттың жүктемесін төмендету және жеке сектордың әлеуетін тиімді пайдалану мүмкіндігі қарастырылды. Франчайзингтің артықшылықтары, оның ішінде қызмет көрсету сапасының жоғарылауы, экономикалық тиімділік, мемлекеттік аппараттың жұмыс тиімділігін арттыруға ықпалы талданды. Сонымен бірге, франчайзинг моделін енгізу кезіндегі ықтимал тәуекелдер – сапаны бақылаудағы қиындықтар, әлеуметтік жауапкершіліктің төмендеуі мәселелері де ескерілді.

Франчайзинг моделін Қазақстанда жүзеге асыру үшін нақты механизмдер мен алгоритм ұсынылды. Бұл алгоритмде нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, франчайзинг серіктестерін іріктеу, пилоттық жобаларды іске асыру, мониторинг және бағалау жүйесін қалыптастыру сияқты кезеңдер егжей-тегжейлі сипатталды. Жеке серіктестермен жұмыс істеудің тетіктері, бизнес орталықтардағы қызмет көрсету жүйесін енгізу жолдары ұсынылды.

Франчайзинг моделі аясында ұсынылып отырған қаржы үлестіру механизмі – мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі тиімді ұйымдастырудың нақты тетігі ретінде қарастырылады. Бұл жүйе бойынша әрбір ақылы қызметке жұмсалатын қаражаттың 30%-ы мемлекеттік корпорацияда қалып, жүйелік үйлестіру, сапа бақылауы және ақпараттық қауіпсіздікке бағытталса, 70%-ы нақты қызметті орындаушы серіктеске аударылып, кеңсе мен кадр шығындарын өтеуге, инфрақұрылымды қамтамасыз етуге жұмсалады. Мұндай үлес азаматтар үшін тарифтің өзгермеуін, сапаның артуын, кезектің қысқаруын және қызметтердің қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Серіктес үшін бұл – тұрақты табыс көзі, қосымша коммерциялық қызметпен айналысу мүмкіндігі және мемлекет тарапынан әдістемелік қолдау алу, ал мемлекет үшін бұл тәсіл – бюджеттік тиімділік, шығындарды оңтайландыру және инвестициялық қайтарым тұрғысынан ұтымды шешім болып табылады. Осы үлестіру моделі мемлекеттік-жекешелік әріптестікті нығайтып қана қоймай, жергілікті кәсіпкерлікті жандандыруға және сервистік мемлекеттің дамуына нақты серпін береді.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу Қазақстанда мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру және оны жетілдіру бойынша кешенді шаралар жүйесін ұсынды. Әсіресе франчайзинг моделінің енгізілуі мемлекеттік басқару жүйесінің инновациялық, икемді әрі тиімді түріне көшуіне мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл модельдің толыққанды әрі тиімді жұмыс істеуі үшін нақты бақылау мен реттеу шараларын енгізу, әлеуметтік стандарттарды сақтау және қоғамдық сенімді қалыптастыру қажет. Алдағы уақытта аталған бағыттар бойынша тереңдетілген зерттеулер мен пилоттық жобаларды жүзеге асыру ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ:

1 Есіркеп Д.Р., Мемлекеттік қызметтерді көрсетуде клиентке бағдарлану тетіктерін жетілдіру: магистр дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба (зерттеу).– Астана, 2023. – 47 б.

2 Боранбайқызы А. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту: магистр дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба (зерттеу).– Астана, 2024. – 65 б.

3 Государственное регулирование экономики: учебное пособие / сост. Кислинских Юлия Валерьевна. – Комсомольск на Амуре: Изд-во АмГПГУ, 2016. 120 с.

4 Старовойтов, А.В. Публичные услуги в социальной сфере: понятие, виды, представление // Институт права и публичной политики. Томск. – 2009. 115 с.

5 Осборн Д., Геблер Т. Реформа государственной власти: как предпринимательский дух преобразует государственный сектор // Академический обзор по менеджменту. Addison-Wesley.- 1992. 405 с.

6 Основы управления. Государственное и муниципальное управление, антикризисное управление персоналом, менеджмент: учебное пособие. Под ред. А.В. Сурина М: КДУ 2008. 368 с.

7 Сидоренко Э.Л., Барциц И.Н., Хисамова З.И. Эффективность цифрового государственного управления: теоретические и прикладные аспекты //Вопросы государственного и муниципального управления. - 2019. - №. 2. - б. 93-114.

8 Морозова, Е.В. Государственные услуги в предпринимательской деятельности // Представительная власть - XXI век: законодательство, комментарии, проблемы. Москва. – 2009. С. 61-66.

9 Адрианов В.Д. Электронное правительство и качество государственного управления // «Прикаспийский журнал: управление и высокие технологии». Научно-технический журнал - 2011. -№4. - б.73-85.

10 Райзберг Б. Взаимосвязь экономических и социальных аспектов подготовки высшего государственно-управленческого персонала // Транзитная экономика. - 2018. - N°3 (66). - С. 38-39.

11 Майдырова А.Б., Муксимов С.С. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтер көрсету процесін жетілдіру». Ғылыми монография. – Астана қ., ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2015 ж.

12 Джеффри Садлер. Повышение качества государственных услуг: опыт Великобритании. Performance benchmarking in the public sector: the United Kingdom experience // OECD есми сайты. – URL: www.oecd.org/dataoecd/12/8/1902895.pdf, жүгінген күні: 23.12.2024 ж.

13 Cabinet Office. The Citizen’s Charter. Raising the standards. London. HMSO. – Ұлыбритания Парламентінің ресми сайты. – URL: https://publications.parliament.uk/pa/cm200708/cmselect/cmpubadm/411/41105.htm жүгінген күні: 28.12.2024 ж.

14 Гришин С.Е., Седышев С.Г. Опыт Франции по созданию системы контроля и поддержки реализации в стране концепции электронного государства // Информационная безопасность регионов. – 2021. – №1(10). – С. 24-26.

15 Шевчук Н.В. Электронные технологии как основной инструмент повышения эффективности государственных услуг (зарубежный опыт на примере республики Сингапур) // Социально-экономические проблемы государственного управления. – 2022 – №1(99). – С. 79-85.

16 Литваның электронды үкімет платформасы. – URL: https://www.epaslaugos.lt/portal/, жүгінген күні: 23.10.2024 ж.

17 Вильнюс қаласы әкімдігіне қарасты интернет-платформасы. – URL: https://paslaugos.vilnius.lt/, жүгінген күні: 23.10.2024 ж.

18 Казбек Б.Е. Сравнительный обзор международного опыта цифровизации государственных услуг // Public administration and civil service:International scientific-analytical journal - 2017. - № 4 (63), - б. 32-36.

19 Курманбаева А.М., Совершенствование стандартов государственных услуг в Республике Казахстан: дисс. на соискание академической степени магистра. - Астана, 2010. - 108 с.

20 «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000088, жүгінген күні: 01.10.2025ж.

21 Мемлекеттік қызметтер сапасын бақылау бойынша жүргізген қоғамдық мониторингінің нәтижелері // Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің ресми сайты. – URL: https://www.nationalbank.kz/ru/news/rezultaty-obshchestvennogo-monitoringa-kachestva-okazaniya-gosudarstvennyh-uslug, жүгінген күні: 25.03.2025ж.

22 Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.02.2024 жылғы ҚР Үкіметінің отырысында сөйлеген баяндамасы.

23 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: https://www.akorda.kz , жүгінген күні: 15.04.2024ж.

24 Меирбеков М.М., Мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесін жетілдіру: магистр дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба (зерттеу).– Астана, 2024. – 58 б.

25 Ғалы Ә.Ғ., Бажаева Н.Ә. Цифровизация государственных услуг в контексте развития клиентоориентированного подхода: проблемы и перспективы развития // Журнал «Мемлекеттік аудит – государственный аудит». – 2024. – № 3 (64). – С. 155-162.

26 «Мемлекеттік органдарда бизнес-процестерінің реинжинирингін жүргізу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 512/НҚ бұйрығы // Online Zakon ақпараттық сайты. – URL:

https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34458941&pos=4;-88#pos=4;-88, жүгінген күні: 20.05.2024 ж.

27 К.К.Токаев о будущем IT-сферы Казахстана и развитии цифровых госуслуг // Информационный портал Blue screen. – URL:https://bluescreen.kz/tokaiev-o-budushchiem-it-sfiery-kazakhstana-i-razvitii-tsifrovykh-ghosuslugh/, жүгінген күні: 20.01.2025 ж.

28 Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі» // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000019982, жүгінген күні: 23.11.2024 ж.

29 Цифровизация государственных услуг в Казахстане: достижения 2019–2024 годов // Официальный сайт Казахстанского института стратегических исследований при Президете РК. – URL: https://kisi.kz/ru/chifrovizachiya-gosudarstvennyh-uslug-v-kazahstane-dostizheniya-2019-2024-godov/, жүгінген күні: 14.05.2025ж.

30 Турғынов М.А., Совершенствования организационно-экономического механизма предоставления государственных услуг для населения в Казахстане // Интернаука: «Студенческий вестник». – №14(300). – 2024, 32-36 С.